



№39 (6062) Сенбі, 24 қыркүйек, 2016 жыл Тазет 1940 жылғы 1 қарашадан бастап шығады

ҚЫР БАЛАСЫ ЖҮРГЕН ІЗБЕН

Қайрат ЖҰМАБАЕВ

Өткен аптаның қасиетті жұма күні нақтылап айтсақ, «Қыр баласы жүрген жолдармен» тақырыбында жасақталған ғылыми – танымдық экспедиция Жезді кентінен сапарға шығып, ұлттың табысқан төбесі, ұйысқан іргесі, Ұлылар мекені – Ұлытауға атбасын тіреді. Аудандық мәслихаттың мәжіліс залында аудан әкімі Хамит Нұрланұлы, аудан әкімінің орынбасары Ерлан Серікұлы, ішкі саясат бөлімінің басшысы Алмат Қайратұлы, еңбек ардагерлері мен жергілікті мекеме қызметкерлері оларды құшақ жая қарсы алып, экспедиция жұмысымен танысты. Кездесу барысында экспедиция жетекшісі Бағдат Байжантаев аудан әкімі Х.Омаровқа экспедицияның эмблемасын, жүру жолдарының бағыттық картасын, фотоальбомын табыс етті.

(Жалғасы 7-бетте).



Аудан әкімдігінде

АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТКІЗІЛДІ

Аудан әкімдігінде кезекті аппарат мәжілісі өткізілді. Мәжіліске аудан әкімінің орынбасарлары, село, кент әкімдері, мекеме, кәсіпорын басшылары қатыстырылды.

Күн тәртібіндегі бірінші өзекті мәселе «Ветеринариялық профилактикалық егіп-емдеу, сібір жарасы ошақтарын анықтау, оның қауіпсіздігі мен ветеринариялық нысандармен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстары» туралы аудандық ветеринариялық бөлімінің басшысы Ө.Рүстемов хабарлама жасады. Бөлім басшысы осы мәселе төңірегінде атқарылып жатқан, енді атқарылмақ жұмыстар жөнінде баяндай келіп, бұл өзекті мәселенің ауданымызда шешу жолдарына нақпа-нақ тоқталды. Хабарламада атап көрсетілгендей, бұл жұмыстар негізінде біршама оң жұмыстар жүргізілген. Ауданымыз бойынша барлық елді мекендерде (село, кент аймақтарында) ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында арнайы пункттер жұмыс істей-

ді. Мамандар қызметтік көлік, керекті ветеринариялық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Аса қауіпті аурулардың түріне жататын сібір жарасы, қарасан, листерии ауруларының алдын алу мақсатында тиесілі жұмыстар да толыққанды жүргізілуде. Әсіресе қауіпті індет «Сібір жарасы» ерекше бақылауда. Бұл мақсатта село тұрғындары арасында қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, арнайы парақшалар тарату жүргізілді. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралы «Ұлытау өңірі» газетінде бірнеше материалдар жарияланып, тұрғындар ақпараттандырылды. Жергілікті полициямен бірлесіп, кезекшіліктер де ұйымдастырылуда. Бөлім басшысы басқа да атқарылған жұмыстарды тізбелеп өтіп, село, кент әкімдерімен бірлесіп, атқарған жұ-

мыстарды да саралап өтті.

Иә, атқарылған жұмыстар баршылық. Дей тұрсақта, бұл мәселені тұрақты назарда ұстауды қажет етеді. Әсіресе облысымыздағы жекелеген аудандарда «Сібір жарасының тіркеліп, мұнан адамдардың зардап» шегуі бізді де алаңдатпай қоймайды. Аудан әкімі Х.Омаров өз тапсырмасында бұл жұмысты тұрақты назарда ұстауды, халықпен, қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, жұмыс істеу керектігіне аса ден қойды. Сол сияқты аудан басшысы бірдейлендіру мәселесінің түбегейлі шешілуін талап етіп, бұл мақсатта атқарылмақ жұмыстарды да саралап берді.

Күн тәртібіндегі мәселе негізінде сөз алған аудандық Тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасының басшысы

А.Аманбеков әсіресе тағам қауіпсіздігін баса айтып, сібір жарасына байланысты қиын эпизоотиялық жағдайларға зер салып, эпидемиологиялық ветеринарлық тексеру, вакциналардың дұрыс тасымалдануы сияқты аса маңызды мәселелерге тоқталды. Осы жағдайларға байланысты, әсіресе мектеп, балабақша тағамдарын ерекше назарда ұстау, қоғамдық орындардағы да тамақ мәселесі бақылауда болуы шарт.

Аудан әкімі аппарат мәжілісінде аудан әкімінің орынбасарлары М.Оспанов, А.Мырзабековтер өз салалары бойынша атқарылған және атқарылмақ жұмыстар жөнінде хабарлама жасады.

Аппарат мәжілісін қорытқан аудан әкімі Х.Омаров қаралған мәселелер төңірегінде село, кент әкімдері мен мекеме, кәсіпорын басшыларына тиісті тапсырмаларын берді.

Өз тілшіміз.

25 қыркүйек – Еңбек күні

Қай заманда, қай қоғамда болсын адам еңбегі – тіршіліктің негізгі белгісі болып табылады. Еңбектің адам өміріндегі маңызы аса зор. Тіпті «адамды адам еткен – еңбек» деген төрт сөзден тұратын қағиданың өзі, адамның адам болып қалыптасудағы еңбектің бағасын білдірсе керек.

ЕҢБЕККЕРЛЕР МҮДДЕСІ ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛАДЫ



Еңбек ету – күнкөрістің басты шарты және өзін-өзі асыраудың ең бір негізгі мүмкіндігі. Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасы... оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. Бүгінгі күні біз халқымыздың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақыл сөзінің межесінен шығып отырмыз ба? Әрине, көп жағдайда ауылшаруашылығы еңбеккерлерінің еңбегі өз дәрежесінде қорғалып жатыр деп айту қиын. Себебі шаруа қожалық иелері көп пайда табу үшін арзан еңбек күшін пайдаланғысы келеді. Оларға өте төменгі еңбекақы немесе тамағы мен жатын орнын есепке алып шығарып салады. Олардың құжаттары да дұрыс емес, келісімшартқа да заңды түрде тұра алмайды. Соның әсерінен зейнетақы қорынан тиісті жарнасы да түспейді немесе аударылмайды. Осындай әрекеттерден кейін, ауылшаруашылығында еңбек етуден еңбекшілер қашақтайды. Бұл жерлерде сапасы төмен азаматтар еңбек етеді. Сондықтан олардың бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысуы жиілеп кеткен. ҚР Еңбек кодексі (2015 жыл 23 қараша №414-V ҚРЗ) түгелдей азаматтардың еңбек ету, құқығын қорғауға бағытталған. Біздің кәсіподақ ұйымдары осы кодекстің шеңберінде өзіне тиісті заң аясында әрекет етеді. Әрине, бұл жұмыстар көптеген коммуналдық кәсіпорындарда өз деңгейінде емес. Таяуда облыс әкімі: «жұмыскерлеріне айлық жалақы төлемеген кәсіпорын басшыларының үйінің су, жылу, электр энергиясын қию керек» дегені, шектен шыққандар үшін ашынғаннан айтылған болуы керек. Бұл жөнінде Елбасы Н.Назарбаевтың 2012 жылы шілде айындағы «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында, мемлекеттік органдармен жұмыс берушілерге арнайы тапсырма берумен қатар, кемшіліктерді де баса айтқан болатын.

Ауданда еселі еңбектерімен табыс биігінен көрініп жүрген еңбек адамдарымен бірге тұтастай

ұжымдар да баршылық. Атап айтсақ, «Бекетай-баба», «Сарысу», «М.Қаражорғин», «Бейтен» шаруа қожалықтарында, «Жезбұлақ», «Ұлытау Мәдениет үйі», «Аудандық ветеринария станциясы» кәсіпорындарында еңбек адамына деген дұрыс көзқарас қалыптасқандықтан олардың шаруалары да өрге қарай жүріп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосуда. Сарысудағы Ж.Жауқасынов, Қаракеңгірдегі Қ.Бекетаев, Аманкелдідегі М.Қаражорғин, Қарсақбайдағы А.Кенжеғұловтардың өздерінің адал еңбектерімен тер төгіп, үлкен еңбек нәтижелеріне жетуде. Біздің мемлекетіміздің негізгі бағдарламасы – еңбек адамына деген қамқорлық, еңбек адамының мүддесін заң аясында қорғау! Бүгінгі күнде еңбекшілерімізді сауатты деп айтуға болады. Оларға жоғарыда айтылған заң тәртіптерін түсіндіру біздің және саналы әр азаматтың міндеті деп ойлаймын. Жұмысқа тұру алдында жұмысшы жұмыс берушімен келісімшартқа тұру керек. Ол – негізгі құжаттың бірі! Ал сол ұжым өзінің мекеме басшысымен ұжымдық шарт жасасуға – міндетті! Жұмысшының барлық іс-әрекеті, міндеттері мен құқықтары осы құжатта көрсетіледі және ол заңды құжат болып табылады. Көп жағдайда мекеме басшылары, яғни жұмыс берушілер ұжымдық шартты мәжбүрлі түрде, еңбек инспекциясына тіркету үшін ғана жасайды. Ал оны жұмысшылар білмеуі де мүмкін. Халықтың сауаты артып келе жатқанын ескерсек, бұл кедергілер келешекте жойылатынына сенеміз. Дегенмен біз ол уақытты күтпей еліміздің, халқымыздың әл-ауқатын арттыруды мақсат ете отырып, бұл кедергілермен табанды түрде айналыса бермекпіз.

Ш.ҮМБЕТОВ,
Ұлытау ауданы бойынша «Ауылшаруашылығы қайта өңдеу ұйымдары және мемлекеттік мекеме қызметкерлері жергілікті кәсіподағы» өкілдігінің төрағасы.

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сейсенбі күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудандық құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар арасында үйлестіру кеңес отырысы өтті.

Кеңес жұмысына аудан әкімі Х.Омаров, аудан әкімінің орынбасарлары, Ұлытау ауданы прокуратурасының прокуроры А.Бірімбетов, аудандық ішкі істер бөлімінің басшысы Қ.Далабаев, жергілікті полиция қызметі бөлімінің басшысы А.Дүйсенбаев, кент, село әкімдерімен учаскелік полиция инспекторлары, БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібінде көтерілген негізгі мәселелер аудан төңірегінде жергілікті мемлекеттік қызметкерлер мен құқық қорғау органдарының «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыру, аудан бойынша қылмыстың, оның ішінде мал ұрлығының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, сонымен қатар, діни экстремизм мен терроризмге жол бермеу, олармен дер кезінде күресу, шаруа қожалықтарында жалданып жұмыс атқаратын азаматтардың төлқұжаттарын анықтау, оларды есепке алу және арнайы қабылдау орындарына орналастыру, 2016 жылдың алдыңғы айларында жасалған қылмыстардың тіркелуі мен салдарын талқылау жөнінде өзекті мәселелер қаралды.

Кеңес отырысында қозғалған мәселелердің бір түйіні мал ұрлығы. Былтырғы жыл



мен салыстырғанда 3,2 пайызға азайған. Дегенмен, әлі де алдын алуға тосқауыл қоятын бірден-бір жол бақташы шығару. Мұны ұйымдастыра алмай отырған кент, село әкімдері мен учаскелік полиция инспекторларының жұмысы сынға алынды. Биылғы жылы мал ұрлығы бойынша 19 факті тіркелген. Оның ішінде 6 адам мал ұрлығымен ұсталып, қылмыстық істері сотта қаралған. Екі адам сотталып, төртеуі жәбірленуші тараптың татуласуымен шыққан шығынның өтемақысын толық өтеп, бітімгершілікке келген. Негізінде мал ұрлығының етек алуы бақташының болмауы салдарынан туындап отыр деген шешімге келді. Сонымен қатар, төлқұжатсыз есепке алынбаған 205 адамның анықталғаны айтылды. Осыған сәйкес заңға

қайшы әрекеттер тудырмау үшін жеке шаруа қожалықтарындағы жалдамалы жұмыскерлердің төлқұжатын тексеру, оны әркез қадағалау керектігі учаскелік полиция инспекторларына жүктелді.

Жиын барысында елімізді өркендетіп, мемлекетімізді теріс діни ағымдардан сақтап, жастарымызды өнегелі жолмен тәрбиелеу жөнінде тағылымды ойлар тарқатылды. Сөз соңында аудан прокуратурасы тарапынан адам құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделердің сақталуын заң тұрғысынан қадағалайтындықтарын жеткізді. Кеңес отырысын аудан әкімі Хамит Нұрланұлы қорытынды сөзіменен түйіндеді.

Өз тілшіміз.

Ел Тәуелсіздігіне – 25 жыл

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ – МӘҢГІЛІК ЕЛ

Биыл ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдық үлкен мерейтойы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылы Қазақстан үшін өзін әлемге таныту жылы болды. Ел Тәуелсіздігі орнаған күннен бастап, осы ширек ғасыр ішінде Қазақстан өзін көпұлтты, бейбіт мемлекет ретінде төрткүл дүниеге танытты.

1993 жылдың қараша айында Ұлттық валюта – теңге енгізілді. ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспары айқындалды. Жалақы мен зейнетақы бойынша қарызды төлеу, шағын бизнесті дамыту Елбасы өз бақылауына алды. Қаржы институттарын дамытуды қолдау бағдарламасы, ірі батыс банктерінің қолдауымен едәуір алға жылжыды. ҚР Ұлттық қауіпсіздігін нығайту, барлау қызметін одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды. Елімізде бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі енгізілді.

2014 жылдың тамыз айында Елбасы Ұлытау жерінде сұхбат беріп, еліміздегі негізгі мәселелерге тоқталды. Сонымен бірге Мемлекет басшысының қасиетті Ұлытау жерінде берген сұхбатында, қазақ ұлтының тарихы, діні, тілі, сондай-ақ еліміз үшін аса маңызды саналатын Еуразиялық экономикалық Одақ жайлы тақырыптар қамтылды. «Ұлт өзінің мемлекеттігінсіз ұлт болып өмір сүре алмақ емес» деп атап көрсетті Елбасы. Туы, Елтаңбасы және Өнұраны бар Тәуелсіз Қазақстан әлем жұртшылығына Мәңгілік ел болып танылатыны сөзсіз.

Ә.ӘБІЛДИНА,
аудандық Қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары.

ЖЕМҚОРЛЫҚ — ІНДЕТ, ЖОҰ — МІНДЕТ

ҚР-ның заңнамаларына сәйкес, сыбайлас-жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымдық қылмыстар жатады. Жемқорлық – қызметтік лауазымды пайдалана отырып, мемлекеттің немесе жеке адамдардың меншігін еріксіз өз пайдасына жарату.

Сыбайлас-жемқорлық қазіргі заманғы қоғамның аса бір көкейкесті мәселелерінің бірі. Сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік негіздерді іштей күйетіп, экономикаға нұқсан кел-

тіреді. Әлемдік қауымдастық көзінде мемлекеттік имиджіне кері әсер етеді. Ең қиыны сыбайлас-жемқорлық халықтың билікке деген сенімін жояды, ерікті демократиялық қоғам құру жолындағы оның күллі шешімдерін жоққа шығарады. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде, «ҚР-да қылмыстық және сыбайлас-жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша

шаралар туралы» ҚР Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілді. Бұл кеселмен күресу үшін Қазақстандағы барша халықтың ерік-жігері, сондай-ақ, еліміздегі әрбір азаматтың түбегейлі ой ұстанымы қажет.

Сыбайлас-жемқорлықтың алдын алу, болдырмау бойынша аудандық Қазынашылық басқармада 2-14-64 сенім телефоны жұмыс істейді. Сыбайлас-жемқорлықпен күресу барлық ҚР-ның азаматтарының, Басқармадағы барлық мемлекеттік қызметкерлердің азаматтық борышы деп білемін.

Э.АҚБАСОВ,
аудандық Қазынашылық басқармасының басшысы.



Қайсар ӘЛІМ,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері, ҚР Президенті
сыйлығының лауреаты.

... Алматыдан Астанаға бүйірі тоқ пакет келді. Әзілхан Нұршайықов жіберіпті. Қалай ашқанымды білмеймін, ішінен Әзағаң қолжазбалары ақтарылып түсті де, іле алақанымды толтырған бір көкшіл кітап топ ете қалды үстеліме. Автордың «Қаламгер және оның достары» деген кітабы екен. «Өлке» баспасынан 2000 жылы жарық көріпті. Мұндайда дегбір қала ма? Бірден автографқа көзім түсті. «Қымбатты Қайсар інім! Бұл менің өз ұстазым Мұқан Иманжанов туралы жазған кітабым еді. Сіз өткен ағаларды «өлтірмей» – ұмытпай ардақтайтын абзал азаматтардың бірісіз ғой. Сіздің сол ағаларға деген асыл ілтифатыңызға, шексіз сүйіспеншілігіңізге деген ризашылығымның белгісі ретінде бұл кітабымды өзіңізге ерекше ықыласпен сыйлаймын. Қабыл алғайсыз. Келін, балалар бәріңіздің бақытты болуларыңызға шын жүректен тілектеспін. Зор құрметпен: ағаң

нына қоңыраулаты.

Әзағаң қашанғы әдетімен амандық-саулықты тәптіштеп сұрап алғаннан кейін, жіберген қағаздары мен кітабына шын жүрегімнен рахметімді айтып, қуанышымды білдіріп жатыр едім, ол кісі көкейіндегі бір мәселені тікесінен сыналап жібергендей болды. Әсілі, істеген жақсылығына қарымта күтпейтін, біреуге салмақ салып сөйлемейтін, кей сәттері аса маңызды іске жаны ашыған тұста да «өзіңіз біліңізге» сайып, сыпайы бипаздайтын Әзағаң бұл жолы:

– Менің бір айта алмай жүргенім бар еді, қалқам! – деп

Өмір аманатсыз болмайды екен! Алғашқы аманатты жан аманның аузынан ақырғы демі бітерде жиырма жеті жасымда естіппін. Сүйегіне ілініп, қос жанары жылтырап, пышақтың қырындай жанылған жақтарын шодырайған иегі әрең қабыстырған күйі, кемсеңдеуге әл-дәрмені келмей жатып: «Қаламсабыңды тастама!...»– деп иегін соңғы рет қағып қалған. «Құлыным» деуші еді жарықтық, демі жетпей, сол тәтті атауын қармай алмады білем... Аманның осы аманат сөзін Ә.Нұршайықов дос-ағам мен туралы мерейтойлық мақала жазғанда эпиграф етіп алды. Демек, қаламсапты тастауға хақымыз жоқ екен! Сосынғы аманатты Әзағаң аузынан естідім... Айтып берсем, былай...



ҰЛЫТАУ ҰЛАНЫ

Ә.Н. 20.09.2001 ж. Алматы».

Бақытты алыстан іздеп жатып қайтеміз? Бақыт ұшқыны осындай жүрек сөзінен себезгілетін шығар, бәлкім. Кеспелтек кітап менің Әзағаң сыйлаған қуанышымның өзіндік өлшеміндей ме екен? Жіберген сауалдарыма қайтарған «жұп-жуан» жауаптары да көз қызықтырғанымен, алдымен автордың бұл кітапқа арнау сөзі ырқымды бағындыра берді. «Аяулы Адам, асыл Азамат, қадірлі Қаламгер – менің әдеби ақылшым Мұқан Иманжанов жайындағы бұл қарапайым еңбегімді Өз замандастарының, біздің бәріміздің ортақ Ұстазымыз болған қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы Ұлы Классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің 100 жылдық торқалы тойына тарту етемін», – делінген Арнау. Есіме сарт етіп түсті. Тоқта! Алғашқы романы «Махаббат, қызық мол жылдарды» да Әзағаң осы Мұқан ұстазына арнап, жариялағаны қайда? Қане, оқып көрелік. «Бұл кітабымды жас ғұмырдың жалынды жыршысы және жас қаламгерлердің жанашыр қамқоршысы, жалықпас ұстазы болған жазушы марқұм Мұқан Иманжановтың ескерткішіне арнаймын». Мұқан ұстазы бұдан он екі жыл бұрын дүниеден озса да осылай еске алып, рухына роман, енді міне, тағы да кітап бағыштап отырған шәкірттің кішілігі мен кішіпейілдігіне тәнті болып, Әзағаң телефо-

жасқаншақтық танытқаны – сәл жұмсарып, биязылана түскен дауысынан байқалды. Менің ықыласымды күтпестен сөзін жалғай түсті. –Қайсаржан-ау! Менің Мұқан Иманжанов деген ұлы ұстазым болғанын білесің. Оны жүзге жуық адам ұстаз санап, қастерлеп өтті. Енді сол аса талантты жазушының еңбегі көмескіленіп, тіпті ұмытылып бара жатқандай. Небәрі 41 жыл 3 ай өмір сүрген оның алмас қаламынан басқасын айтапғанда, «Алғашқы айлар» повесі мен аяқталмай қалған «Көк белес» романы, көптеген тамаша пьесалар мен әңгімелер туындағаны белгілі. Өзге жанрларда да көсіле жазды. Ол кісі замандастарын хаттарымен тәрбиелеген үлкен жүрек иесі еді. Әйтеуір ұстазымның 85 жылдығына міне, бір кітап арнағаныма мәзбім. Шәкірті болдым деп дәсердей болатын кейбіреулер осы мерейтой кезінде бір ауыз жылы сөз жазбағанына қайран қалдым. Есінде ұстағайсың, қалқам, ұстазыңның ұстазын да ескере жүргейсің деген өтінішім бар... Ұмытқан жоқпын ғой, ұлы ұстазым Мұхтар Әуезов туралы жазған естелігіме қаншама жылдар өтсе де разылық білдіріп, алғыс жаудырушылардың бірі өзің болатынсың... Осы әңгімелердің бәрін ұстаздық ұлағаты мен оны ұлықтаудың ұстыны ұрпақтар жүрегінде қалыптассын деген демемен айтып жатқанымды түсін, шырақ!...

жылдың жаңа күндері басталды. Әзағаңды құттықтадық. Өзі де жаңажылдық ыстық тілек арасында биыл Иманжановтың 95 жылдығы екендігін еске салды... Тағы бір жолы хабарласқанда, Әскеменде қысқы Азияданың алауын алып жүгіруі мүмкін екендігінен де хабардар етіп, баяғы әзіліне басып «шалша жүгіріп көреміз ғой» деп күлдірткен. Сөзінің соңында «сосын жүрек алауымды жағып, Мұқан Иманжанов жылының жалындап өтуіне күш салсам ба деймін»– деп сәл кідірді де былайша жалғады: «Баяғы өтініштер есінде шығар...»

Осы сөзден жарты ай шама-сы өткенде Әзағаң мәңгілікке аттанып кете барды... Асыл ағаның өзімсініп айтқан «баяғы өтініштер есінде шығары» – «өттеген-айымен» миымды піскілеп, аманат сөзі боп тәніме оқша қадалды... Тәннен оқ жарықшағын суырып алып тастаса, тән жазылады ғой. Бірақ жан азабы ше?..

«Ажалдыдан – дат, Ауқаттыдан – ат, Ақылдыдан хат қалады. Дат өшеді, Ат өледі, Тек хат қана ұзақ өмір сүреді»,– деп Әзағаңның өзі айтпақшы, М.Иманжанов туралы әңгіме қозғағанда осы ұстаз бен шәкірт арасында алмасылған хаттарға жүгінбей кетуге өсте болмайтын сынайлы. Әзағаңның «ол хаттарымен тәрбиелеген»,– деген сөзі де жадта қашалып, екеуара жазбаларының сырына терең үңілдіре түседі.

«Мына бір кішкентай жи-

нағымды кітаптарыңның арасына сала салыңыздар»,– дейді Мұқан. «Таныс қыз» әңгімелер жинағын айтып отыр. Енді бір хатында: «Мен мына бір очерк-сымағымды жіберіп отырмын»,– дейді де «Егер ұнамаса яки басқа бір себептер болса, менің көңіліме қарап баспандар»,– деп (Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетіне жолдаған) ар ойлайды. «Ол редакцияға да, авторға да абырой әпермейді. Мен ондайға ренжімейтін қазақтың»,– деген тұжырымы да тұнықтығын байқатпай ма?

Ыстық, қамқор көңілдің жылы ағысы жан ертетіндей: «Өз творчествоң қалай? «Баян» бітті ме? «Шешенді» қашан жібересің?

жанын білмек болсаңыз, мына хатына үңіліңіз: «Менің кейде (жиі кездеседі), бір нәрсеге сүйінсем де көзіме жас келе қоятыны бар. Осы бір осалдығыма өзім ренжимін. Мен қазір сондай қалдемін, күлімдеймін, бірақ, алқымыма бірдеңе тығыла берді. Қызық қой сезім деген!.. Мұның бәрін шақырып отырған сенің еңбегің, сәтті, қуанышты еңбегің. Бұл – нағыз очерк, шын мағынасындағы көркем очерк!.. Кәдімгі шын өмірден көркем әңгімені қалай жазудың жолын тарттың. Егер мен әдебиеттен бірдеңе түсінсем, сендегі талант талайларды қызықтыруға тиіс, қызықтыратын да болады. Тек сенде әзірге бір нәрсе жетпейді: еркін сезінбейсің. Осыдан арыл, құлашыңды іркілмей сілте».

Кейде Әзағаң құлағында қала берсін дей ме екен, Мұқан ұстазы туралы елеусіздеу етіп әңгіме айта салушы еді. Павлодардан жіберген Әзағаң очерктерін ерімен жарысып оқитын көрінеді Рәзия апай. Бұл құбылыс Мұқанды таң-тамаша қалдырады. Мұндай құштарлықтың сырын білмек боп, бір жолы зайыбынан: «Сен, Әзілханның очерктерін шынымен ұнатып, сүйсініп оқисың ба?»,– деп сұрайды. Ол күлімдеп басын изейді. Егін, мал, цифрлардан оқиға құрайтын очеркістің осынша әсерлендіретін нендей қасиеті бар дегендей жазушы ұзақ аңтарылып қалады. «Бәрібір мен махаббат әңгімесін оқып отырғандай ғажаптанамын!»– дейді Рәзия көзі ұшқындап. «Қойшы, тіпті әсірелеп жібердің-ау!»– дейді бұл жорта таңданып, әйел сырын түрткілей. «Әзілхан махаббатпен жазғасын темірің де нәзіктеніп кетеді емес пе? Бар сиқыры сонда ғой!»– деп зайыбы шынайы пікірін тәтті талмағандай таңдайына жағып тамсанатын. Әзағаң осы қызық эпизодты айта келіп,

ұстазының жазған бір хатынан үзіндіні жатқа айтып берді. «Әйелдерге очерктер ұнау дегенді мен автордың пайдасына тамаша іс деп білемін. Олар кітапты бізден гөрі басқарақ оқиды ғой. Сезінуі де басқарақ қой!»– деп жазушы соншалықты ақиқат жатқан сияқты.

Өзгенің көңілін аулағыш, тек жақсы сөзімен ғана жанын семірітіп отыратын аса бауырмал, сергек те сезімтал Әзағаң Мұқан ұстазына хат жазған сайын «Мен мазаңызды алғанға ренжіп жүрсіз бе?»– деп жасқаншақтық жасайды екен. Соны аңғарған ұстазы реніш танытып, өзіне әрдайым жақын тарта сөйлеп, еркінсі жүруін талап еткендей болғанын оның мына ақжарылқап сөзінен айқын байқалады. «Осының не қажеті бар? (өлгіндей ыңғайсыздандық көрсеткеніне налығаны – Қ.Ө.) Егер талант өз өнерін көрсетіп жатса, оны маған сеніп тапсырып жатса, бұл мені қалайша қуантпайды деп ойлайсың? Таланттың кезінде жарыққа тез шығуына, зәредей де болса себім тисе, мен өзімді бақытты санар едім... олай болса, сен маған сондай бақытты қи. Егер аз да болса сеніміңе жарасам, жібере бер. Перзентті қадірлеуге құлмын. Іркілме, қысылма»,– деген жүрекжарды ыстық лебізі ұстаздың мейірімге толы ұлағатын аңғартпай ма?

(Жалғасы 4-бетте).

(Соңы. Басы 3-бетте).

Астанаға талай рет келіп-кетіп жүргенде Әзағаңмен мөлінен сырласуға мүмкіндік туып қалатын. Сондайда Ұлытау ұла-ны туралы кейбір әңгімелерін де қисындап, сыналап жіберетін. Оның жомарттығына таңдай қағатын. Ақша сұраған біреудің көңілін қимай, қалтасында ештеңе болмай қалса, Гоголь көше-сіндегі жинақ кассасына ертіп апарып, алақанына қаржы сала-тын. Және де қарыз туралы ежік-теп те жатпайды екен. Ол «жәр-демшіл-жүрек» иесі атаныпты. Павлодардағы жалаңаяқ жас жазушы В.С. Ивановқа Мәскеу-ден етік жіберген Горький секілді ол да жұрттың кеуілін көтеруге асығып тұратын. Мейірімді жүректің ықыласына бөленген-нің бірегейі журналист-редактор Әзағаң болған. Оны Керекуден тауып алып, тынбай қамқорлық жасады. Әрбір әдеби қадамын қадағалап, ақылын айтып отырды. Кемел келешегіне қалтқы-сыз сенген ол сыртта жүрген Нұршайықовты сыртынан кепіл-деме жинаттырып, Жазушылар одағының мүшелігіне қабылда-тыпты. «Мен сол себепті Иман-жановты өз Горькийім деймін мақтанышпен. Осындай «горь-кийлікті» ол менен басқа да әл-денеше адамға жасаған еді»,— деп Әзағаң кеңілдеген баладай толқып, бейнебір қарсы алдында сол ұстазы отырғандай, құшағы-на сыйдырмақ болған кісіше те-реңнен дем алып, кеудесін кер-гілеп қойды. Әзағаң Мұқанның сөзімен соғыстан келгеннен кей-ін танысса, өзімен 1954 жылы

дегенде: «Менің төсек тартып жатқаным бір айдай уақыт бо-лыпты... Шынын айтқанда, жыл басынан сау күнім жоқ. Құры-сын бүйткен денсаулық!».— деп түңіледі Рига маңында емделіп жатқанда (13.04.1956 ж.). Осы күні Әзілхан туралы ойын дөп-теріне былайша түсіріпті: «Осы бір адал жанды, тамаша адамға мен тарапынан жеткілікті ілти-фат болмай-ақ жүр. Ол мені жақ-сы көргендегідей мен оны жақ-сы көре алдым дей алмаймын, оның жүрегі менікінен әлдеқай-да ыстық, әлдеқайда мазасыз екендігін әр хатынан, телеграм-масынан айқын сеземін».

Ал Әзағаң да ұстаз алдын-дағы борыш-парызын ақырғы демі біткенше орындаудан жа-лықпаған ақадал жан еді. Ұста-зының «Адамға көп жасау ғана мұрат емес, оның үстіне, көп

жыл жасаған дарынды жазушы соңына соқталы дүниелер қал-дырғаны белгілі. Жоқшылықпен, меңдеген сырқатпен алысып жүріп, көркем шығармалар жазыпты. Ол кейде оңашада Әзағаң ашылып сөйлеп, жан баласына тіс жармаған сырын тарқататын. 19 жасында әкесі өзі сүймейтін бір қызды келіншек етіп әпермек болып, бұл одан қанша азар да безер үріксе де, Алматыға оқуға жол қаража-тынсыз кете алмайтынын біліп, амалсыз үйленеді. Үш күн «үй-лі-баранды» болғанымен, қызға қылдай қиянат жасамай, әкесі-нен ақша алып, алыс сапарға аттанады. Содан үш жыл бойы елдің бетін көрмейді. Әкесіне хат жазып, «күнәсіз келінді еліне қайтар, сүйгенімен қосылып кет-сін» деп өтінеді. Содан әке мен бала арасы алшақтап кетеді. Ел-

реді екен. М.Иманжановты еске алу кешінде Серік Қирабаев: «Мұқанның дұшпаны жоқ еді», Зейнолла Қабдолов: «Біз жаны-мыздың тазалығын көру үшін Мұқанға қарайтынбыз. Өйткені ол біздің айнамыз болатын», Өтебай Қанахин: «Мені әдеби-етке алып келген Мұқан еді», Жақан Сыздықов: «Ол менің ғана емес, бүкіл ұрпақтың есін-де қалады»,— деп тамсанып та талғап айтуы тегіннен-тегін бе?! Ал Ә.Нұршайықов әдетте-гідей жазып әкелген сөзін төс қалтасынан суырып алып, оқып берген-ді. Қойған тақырыбы да қызық: «Мұқанның қолынан кел-мейтін Он төрт іс» деп атала-ды. Осыншасын тізбелегенде, ұстазының ірілігі одан сайын айқындала түскен. Сәл үзінді: «Мұқанның қолынан жалын-сыз шығарма жазу келмейтін»;

сүйкімді әйел көздерінде адам-ды еріксіз өзіне тартып алатын бір жұмбақ қасиеттер болады. Сен кейін өзіңе-өзің келіп, сабыр тапсаң да, жаңағы бір көзден жалт еткен ұшқын жүректе қал-ып қоятынын саралай келген Мұқан былайша түйін жасайды: «Сондықтан мен... әйелдің жүзі-не көп қадала бермеймін. Себебі — жүрегімді, семьямды сүйген жүрегімді босқа мазалағым кел-мейді. Сезімнен адам өлмей-тінін, бөтен әйелмен сүйіспей-ақ өмір сүруге, көңілді дем алуға болатынын мен өмірімде көріп келемін». Мәңгілік махаббат, адал достық, арманшыл жастық жөнінде талай тамаша туынды-лар жазып қалдырған Мұқандай нәзік жүрек жазушының жаны таза, пейілі түзу, шынайы сүй-іспеншілік сезіміне селкеулік жа-самайтынының бастауы өзінің осындай жар алдындағы пәктігін мойындаудан, отбасы сыйла-стығы, бала тәрбиесі жауапкер-шілігін терең түйсінуден жібек-тей тарқатылатындығы ғанибет қой. Арлы, ұстамды, саналы, салиқалы, өнегелі жазушы ғана өмір шыншылдығын шебер-лікпен, арына кір түсірмей су-реттей алмақ. Мұқан ұстаз сон-дай кіршіксіз адамгершілігімен өзін де, жазуын да оқырмандар ықыласына бөлей берері анық. Оның жазғанына имандай сеніп, әсерленіп отырасыз. Себебі ол иманды жан!

Қысылғанда, қиналғанда дос қадірі түрлі ойға салады.. Мұқан-ның мына хаты (19.11.1956 ж.) соның айғағы: «... Ал, жүрекке ұялаған достық, о, атамаңыз, бұл ешбір заказсыз, ешбір есепсіз



ҰЛЫТАУ ҰЛАНЫ

жүздескенін тәтті аңсаумен еске алатын. Бұл таныстығы үш жыл бес айға, яғни Иманжанов өмірінің ақырына дейін созылып-ты.

Бәрін есепшотқа салғандай етіп тиянақтап жүретін Мұза-фар Әлімбаев Мұқанның әде-би достарының санын алпысқа жеткізсе, ал кейбіреулер жүзге маңайлатады. Сан ауытқулығы бар шығар, бірақ сапасы салым-ды болыпты. Тек Баубек Бұлқы-шевпен ғана жан аямас достығы не тұрады? Екеуі Алматы қаржы техникумын үш жыл оқып, үздік төмамдайды. 1940 жылы Баубек әскер қатарына алынып, денсау-лығы нашар Мұқан ілікпей қала-ды. Әрі қарай соғыс басталады. Қанқұйлы жылдары майдандағы досына жазған хаттарында: «Айналайын-ай, аман болсаң екен!»— деп жалбырына тіле-се, тағы бірде: «Сенің орныңа құдай мені алсын!»— деп әлде-ненен сезіктенгендей салын суға кетіріпті. 1944 жылы Баубек оққа ұшқанда, Мұқан жас баладай еңіреп, етегін жасқа толтыра-ды!..

Мұқандай асыл азамат өз-гелерді хат жазып тәрбиеле-генімен қатар, қойын дәптер-лерін де тынымсыз толтыруға ыждағатпен қарапты. Оған оның соңында мұра боп қалған «Рига дәптері» мен «Қырым дәптері» куә. Жан сезімін түсіріп отырған. Дімкөс көңілінің оңалмайтын тұстарын да жалтақсыз, жа-бығып жазып кеткен. Ауру мең-

білу, кейінгіге көп еңбек қалды-ру мұрат»,— деген өсиетін бір сәт есінен шығармайтын ол, оған жазған жауап хаттарын былай қойғанда, мерейтойла-рынан басқа да кезде үнемі еске алу мақалаларын жария-лап отырды. Маған да ескертіп, шығармашылықтағы уылжыған кезеңдерінен бастыққанға дей-інгі қызыл тінді қызық та қауырт жазу-сызудың машақатты, ша-бытты, шалқымалы сәттерінен әңгімелеп қап, өнегелі, өрісті шақтарынан сыр түйіп отыра-тынын, жоғарыда келтірдім ғой. Әзағаңның М.Иманжановтың туғанына 50 жыл толуына ар-налған толғанысы қазақ әдеби-етіндегі өзгеше өркешті жанр ретінде сақталып қалмақшы. Өмірден өтіп кеткен кісіге ар-нау хат жолдап, кейінгі тірлік-ті баян ету тәсілі нақтылықтан сәл ауытқымауымен құнды бол-са керек. «...Біз Сіздің біреудің жақсылығын, жаңа бітірген ең-бегін естігенде сүйсініп, қуанған-дықтан нұр шашып бажырая қалар кездеріңізді сағындық. Біз Сіздің жүректі лүп еткізіп, баурап әкететін «бауырым» деген ере-сен ыстық сөзіңізді сағындық. Біз Сіздің өзіңізге шын берілген жүзге жуық досыңыз түгел сиып кететін даладай кең жүрегіңізді сағындық!»

Иә, ұстаздың жүрек жылуын сезінген шәкіртте не арман бар? Сексен тоғыз жасында дүниеден озған Әзағаң соңғы демі біткен-ше Мұқан ұстазын аузынан та-стамай кетті. Небәрі қырық бір

ден қаражат сап тиылады. Әб-ден тарыққан Мұқан оқуын ауыр еңбекке жегіліп жүріп жалғасты-рады да өкпе дертіне шалдыға-ды. Осы ауруын одан әрмен өршіткен екінші бір көрген қор-лығын да ашынып айтса керек. Жазушылар одағында жауап-ты қызмет атқарған бір жазушы романын сынап, кемшіліктерін әділ көрсеткені үшін соңына шам алып түсіп, кезегі келіп тұрған үйді бергізбей, далада тастайды. Сөйтіп ылғал, ауасы тар жеркепеде өмірін өткізіп, сы-рқаты асқынып, тұрмыстан бір рақат көрмей бақилық болды.

Шүкір, жүдеу тірлікті Мұқан соңғы сапарға «байып» ат-танғандай болды. Халқы қарақұрым жиналып, аза тұтты. Шәкірті, жас ақын Тұманбай Молдағалиев қабір басында, төменде үңірейіп жатқан көрге, одан соң оның жиегіндегі жас топырақ үстіндегі ұзын қызыл табытқа қарап қойып: «Іздедім өлеңмен, тербедім, Дененді қия-ды жерге кім?! Аяулы ұстазым, Өзінді, Кеудеме жерледім!»— деп сарнай жөнелген. Жазушының жетісі берілген күні Сәбит Мұқа-нов қарлығыңды дауысын одан әрмен қатайтып, жан-дүниені қы-рғышпен қырғандай етіп: «Иман-жанов бір Жазушылар одағы-ның жұмысын бір өзі атқарды. Тіпті болмағанда, бүкіл одақтың тәрбиелік жұмысын жалғыз өзі атқарды дегенге дауласуға бол-майды»,— деп шегендеп сөйледі.

Жақсының өнегесі өлшеусіз екендігін уақыт безбендеп бе-

«Жұртқа жақсылық жасамау қолынан келмейтін»; «Жағым-паздық қолынан келмейтін»; «Арақ ішу, шараппен шабытта-ну қолынан келмейтін»; «Көзіңіз қос қарашығы Махсұты мен Рү-стемін, науқасымды жұқтырып алмайын деп жасқана отырып, күніне екі рет емірене сүймеу қолынан келмейтін», т.б. Ал қолынан келетін істері сансыз еді жарықтықтың...

Жақсылық жасау үшін жара-тылған осындай періште пен-денің өмірдегі өксігі өлшеусіз болатын. Денсаулығы шығар-машылыққа құшағын кең ашқы-збай, құштарын тұшынып қан-дырмай, ойлағанын орта жолда опырып тастап, опасыздық жа-саумен тынысын өшірді. Мұңай-май тұрып, мұңаймай жата алмады. Өл-дәрменін жылдар бойы кеміріп, кемтардай күйге түсірген созылмалы сырқат қаламын қайырды, жігерін мұқалт-ты, сенімін селкеуледі. Шыбын жанына шипа іздеп Қырым ку-рортына барғанда күнделігіне: «Үйім ғой мені оңалып, емделіп жатыр деп қуанады. Қайдан біл-сін, менің тағы күпшегі тозған ағаш арбадай қиралақтап қалға-нымды. Дегенмен бүгін жөтел азайған сияқты»,— деп түңілсе де сәл жөтел қыспағанына үміт-теніп жазыпты.

Сол курортта бір әйелдің көзімен көзі түйісе кеткенін түртіп қойыпты. Мұндай секунд өте қауіпті деп мойындайды ол. Жүрекке от жағып кетуі ықти-малдығынан сескенеді. Өйткені

қиын күнде өзі жарып шығады! Биылғы басыма төнген қатерлі күндерімде өздеріңнен осыны әрбір минут сайын сезіндім. Сүй-сінгендіктен, риза болғандықтан талай жылап та алдым. Тағы да айтам: көп-көп рақмет Әзілхан, Халима!»

Дос-ағаға дос-інісі де қары-здар боп қалмапты. Әзағаң бір толғауында: «Сіз бір хатыңызда очерктің рамкасы саған тарлық етіп жүр, сен повесть, романға көш, батыл кіріс депсіз. Менің батылсыздығыма ренжіпсіз»,— дей келіп, «қаладағы, даладағы жас әдебиетшілер Жазушылар одағына барудың орнына Сіз-ге барушы едік қой топырлап» деп сағынышын көзінің жасына сығып қосыпты-ау!..

... Біз не дер едік, бұған қо-сып! Ұстаз бен шәкірт! Екеуі де қазақ әдебиетінің серпінді де қажырлы қос қанатындай жарқын тұлғалар. Мақсаттас, армандас асыл бейнелер. Хат-тарымен бірін-бірі жебескен. Иелері кетеді екен, жазғандары қалады екен. Екеуі де сол хатта-рымен ұрпақтар тәрбиесіне әр-кез араласа беретіндей, елгезек күйінде есте қалмақшы.

... Енді не тұрыс бар?! Мұқан - Әзілхан тақырыбының тыңына түрен дендеп түсе бастағандай ма?!.. Құйқалы, құнарлы тақы-рыптың түгін тартсаң, майы шығар-ау, сіре!

АСТАНА.

Ғажайып оқиға

Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ.
Қазақстанның Күрметті журналисі

Тылсым дүниеде небір ғажайыптар болып жатады. Оны көзімен көргендер болмаса, естігендердің бәрі сене бермейді. Осындай оқиғалардың бірі Сазанғали Шортанбаевтың басынан кешіпті. Оның сөзіне адамның сенуі қиын. – Сенесің бе, сенбейсің де, оны өзің біл. Өзім де сенбес едім, егер өз басымнан кешіріп, өз көзімен көрмесең – деп бастады сөзін Сазанғали Шортанбаев деген жігіт.

Мен Марс патшалығында болып келдім. Ол кезде менің арақтан ауызым босамайтын. Күнде үйге сылқия мас болып келіп, отбасыма ойран саламын. Әйелім Тотыны ұрып, балаларымды шырылдатып, үйден қуып шығамын. Үйдегі дүниелерді сындырып, әйеліме арақ тауып әкелесің, әйтпесе сені бауыздаймын, деп қиғылық саламын. Көрші-көлем, туған-туыс, жолдас-жора, құда-жекжат мені көрсе теріс айналып кетеді. Үйлеріне келе жатсам есіктерін жауып алады. Олардың біреуі кездесіп қалса арақ алуға ақша сұраймын, бермесе жанжал шығарамын. Танымайтын адам кездессе де сұраймын. Сондықтан да олар менен қашып жүреді. Бүкіл ауылды мезі қылдым. Қанша қорлық көрсетсем де әйелім ғана жанымнан табылады. Ертеңіне есім кіргенде істегендеріме өкініп, жас балаша солқылдап тұрып жылаймын. Әйеліме «бас жазатын бірдеңе тауып әкелші, осыдан кейін ішпеймін» ден ант етем. Ол бишара мені аяп қарызданып-қауғаланып арақ тауып әкеледі. «Ахаң» ауызға тию мұң екен, арыстан болып ақырып шыға келемін. Арақ іздеп көшеге шығамын. «Осы албастыны құдай алмайды екен. Мұндай сұмырайлардың өмірі ұзақ болады» дегенді талай естідім. Енді біреулері «Бір күні далада өліп қалады ғой, анау байғұс әйелінің жаны сірі екен. Осы періні неге тастап кетпейді» – деп бара жатады. Бұл арақтан көрмеген қорлығым, естімеген былапыт сөздер қалған жоқ шығар. Бір күні қатты ішіп, далада құлап қалыппын (әрине, бұл бірінші рет емес). Бір кезде біреу бетімнен сипап, жерімнен тартқылап жатыр екен. Есім кірелі-шығалы көзімді ашсам, бетімнен жаппа, жеңімнен тістеп, тартып жатқан «құтжол» деген итім екен. Мұндайда әйелім зыр қағып іздеп, тауып алатын еді. Бүгін ол келмепті, әбден ығыр болған шығар, үстібасым қап-қара саз-балшық теңселіп, итіме еріп үйге келсем, балаларым егіліп-жылап отыр. Оларды Күлше деген көрші әйел жұбатып отыр екен. Есіктен кіре «сендердің көздерің неге ағарып отыр?» деп дүрсе қоя бердім. – Сені де адам дейді-ау, бұдан да өлгенің артық қой. Жақсыны да, жаманды да алып жатқан құдай, сені неге алмайды екен? Әйеліңе ота жасап, бір бүйрегін алып тастатың. Сол бүйректе сенің соққыңнан ауырды. Қазір қалада, жансақтау бөлімінде жатыр. Ал сенің жүрген түрің мынау, адам көрер сиқың жоқ. Не балаларыңа қамқор бола алмадың, не ота жасағанда әйеліңнің қасында болмадың. Ол өлім мен өмірдің арасында жатыр. Сені де азамат дейді-ау, деді. Менің төбемнен жәй түскендей болды. Есімді жинап алдым. Енді не істеу керек? Қалаға баратын қалтамда көк тиыным жоқ. Үйдің сыртындағы орындыққа барып отырып, егіліп тұрып жыладым. «Құдай мені неге алмайсың, бүйітіп қор етіп қойғанша, жақсыны да, жаманды да, көріні де, жасты да алып жатырсың, мені де ал», деп батып бара жатқан күнге қарап, көкке қолымды жайып, тағы да «алшы, алшы, алшы» деп үш рет қайталадым. Сол кезде көзімнің алды



МАРСТА

болған жігіт

жарқ ете қалды да есім ауып кетті. Қанша уақыт өткенін білмеймін, көзімді ашсам кәдімгі кигіз үйдің ішінде жатырмын. Шаңырақтары, уықтары, керегелері бәрі алтын, жалт-жұлт етеді. Екі жағымда үлдемен-бүлдеге оранған екі сұлу қыз отыр. Басымды көтеріп «мен қайдамын» деп сұрадым. Оң жағымда отырған сұлу қыз күлімдеп, «Пендем, сен Марс патшалығыңдасың», деді. Есімнен танып қала жаздадым да, «мұнда қалай келдім» деп сұрадым. – Өзіңіздің тілеңізді Алла қабыл алып, Құдайдың құдіретімен келдіңіз»–деді жаңағы қыз. «Мынау түсім болса екен, тезірек ояңсам екен» деп ойлаймын. Бірақ мұның өңім екеніне көзім жетті. – Тамақтанып алыңыз, деп алдыма алтын табаққа салған түрлі тағамдар қойды. Бір шетінде күміс тостағанға құйылған қымыз, жанында шыны ыдысқа құйылған су тұр, «Ұлытаудың суы» деп жазылған. «Мыналар біздің жердің тамақтары ғой. Мұны қалай алдырдыңыздар?» дер сұрадым. «Бәрі Құдайдың құдіретмен келді», деп жауап берді. Аң-таң болып, біраз отырдым да, тамақтарға қолымды соза бастап едім, бір қыз қолымды ұстай алды да, «бізде бұл тамақтарды ауызбен емес, көзбен ішіп-жейді. Ауыз бен көмей пенденің ниетін бұзады. Қанағатсыздыққа ұшыратады. Ал көзбен ішіп-жеу одан сақтандырады. Осы тамақтардың ішінде ішіп-жегіңіз келгеніне қарап отырсаңыз, тойып қаласыз», деді. Амал жоқ, солай жасадым. Міне, қызығы сол, қарап отырып-ақ тойып қалдым.

тілегінді қабыл алып, осында алып келді. Бұл Алланың бұйрығы, оны ешкім өзгерте алмайды, деді. – Мен өзіме-өзім ашуланып айттым және мені қайдағы бір планетаға алып кет, деп тілегенім жоқ. Жанымды алып, туған жерімнің топырағында қалдыруды тіледім, дедім. – Мынау біздегі дүние, өмір сені қызықтырмай ма, деді. Мен «жоқ, қызықтырмайды» деп жауап бердім. – Мүмкін, саған арақ деген жыңды су керек шығар–деді. – Жоқ, енді құдай арақтан аулақ қылсын. Осының бәрі сол «жыңды судың» әлегі. Бұдан былай оның маңайынан да жүрмеймін. – Сен өз жеріңде мүсәпір болып жүрдің, ешкім сені елеген жоқ. Ал мұнда сені жат жерден келген қонақ ретінде ешкім ренжітпейді. Біздің пенделерде күншілдік, біреуді-біреу кемсіту, біреудің несібесіне қолсұғу, ұйымдасқан қылмыс, жемқорлық сияқты, т.б. да әрекеттер болмайды. Мені патша деп түсінеді, бірақ мен қарапайым пенделермен бірдеймін. Ешкімге күш көрсетпеймін, пенделер бір-бірімен жанжалдаспайды. Бәрі тегін, ештеңеге мұқтаж емес. Пәленің көбі мұқтаждықтан, жетіспеушіліктен, күнкөрістің қиындығынан шығады. Ал жерде жағымсыз істердің бәрі бар. Ең сорақысы пенделер бірін-бірі өлтіреді. Алапат қарулармен бірін-бірі қырады. Ал аспан планетасында мұндай қырғын болмайды. Пенделер ауру дегенді білмейді. Өйткені, ауамыз таза, сондықтан да мың жасайды. Сен бізден қашпа, жерден көрмеген рахат, қызықтарды бізден көресің – деді. – Қандай халде жүрсем де туған жеріме, отбасыма ештеңе жетпейді. Бізде «жат жерде сұлтан болғанша, өз жеріңде ұлтан бол» деген және «жат жарылқамай-

деген ой келгенде ішім өртеніп кетеді. Көрші-көлем, туыс-туғандар, жолдас-жоралар мені есіне де алмайтын шығар. Рас, кейбір жанашырлар, «білімді, іскер, жақсы жігіт еді, қу арақ құртты ғой» деп мүсіркейтін шығар. Отбасымда тек балаларым ғана тілейтін шығар. Оған да сенімді емеспін. Оларға көрсетпеген қорлығым жоқ, бишара әйелімді ұрып, ауру еттім, бір күн рахат көрсеткенім жоқ. Мен енді осы Марста мәңгі қалатын шығармын деп күні-түні еңіреп жылаймын. Жеріме қайтара гөр, Алла, менің кәтелігімді кешіре гөр, деп тілеймін. Бірде жігіттерінен «патшаларыңыз неше жастағы адам», деп сұрадым. – Пенде деңіз, деді. – Иә, неше жастағы пенде, дедім. – Бізде жасты санамайды, сіздерше айтсақ, 250 жаста, яғни патша болғанына 230 жыл, деді. Олардың айтуынша, жерде күн батқанда, олар да таң атады екен. Даладан орман-тоғай көрмедім. Топырағы күлгін түсті, ал тастары сұрғылт болады екен. Ал өсімдіктері сирек кездеседі. Су көргенім жоқ, маған су тауып береді.

Бір күні патшалар шақырды. Алдына барғанда, «иә, жат жерлік пенде, біздің планета ғажап қой, мұнда қалсаңыз көп қызықтар көресіз, тіршілігіңе қажеттіңіз бәрі тегін. Осында мәңгілікке қал, деді. – Сіздердің жасаған жағдайларыңызға рахмет. Бірақ менің келісімімді сұрасаңыз бір минутта қалғым келмейді. Ас сұрап жүрсем де, тіпті ас таба алмай өлсем де өз жерімде қалсам арманым жоқ. Алла өз жерімнің топырағын бұйыртса екен деп күні-түні тілеп жүрмін, дедім. – Сенің жолың болды, жат жерлік пенде. Отбасың, көрші-көлемің, ауылың-

ды, өз өлтірмейді» деген қанатты сөздер бар. Мені сіздің орныңызға патша қойса да бұл жерде бір сағатқа да қалғым келмейді–дедім. – Әрине, сені жеріңе қайтару менің қолымда емес. Бір ғана жағдайда қайтуың мүмкін. Өзің азапқа салған әйелің мен қараусыз қалған балаларың, мезі қылған туған-туыс, көрші-көлемің, ең бастысы ауылыңның халқы Алладан сенің табылуыңды, орталарыңа қайта оралуыңды шын ниеттерімен тілесе, Алла Тағала тілектерін қабыл алса, онда ортаңа ораласың. Егер құтылғанымыз дұрыс болды-ау, одан әрмен кетсін десе онда осы планетада мәңгілікке қаласың. Енді бара бер, деді. – Сіздер, олардың тілеп отыр ма, тілемей отыр ма, оны қалай білесіздер, дедім. – Алла, бәрін де біледі – деді де жоқ болып кетті. Мені алғашқы орныма алып келді де, жігіттер мен қыздар маған қызмет жасайды, атымды атамайды, «жат жерлік пенде» дейді. Тамақты алтын ыдыстарымен әкеледі. Бір күні мен «сіздер алтынды қайдан аласыздар?» дедім. – Алтын дегенің бізде жәй құрылыс материалы, ал күмісті төсек орынға пайдаланса, қорғасынды лай есебінде қолданады. Көргіңіз келсе жүріңіз, аралатайын, деді. Жаңағы жігіттердің біреуі, мен бас тарттым, ойым онға, санам сан-саққа кетіп отыр. Ойымда туған жерім, Отаным, отбасым ғана отыр. Бірақ мені кім керек қылып, тілеуімді тілейді дейсің,

ның халқы сенің аман-сау табылып, орталарына оралуыңды тілеп, сенің тірегіңнен үміт үзбей, алты ай бойы өлдінің санатына қоспай, тілектерін үзбеді. Алла көпшіліктің тілегін қабыл алып, сені жеріңе қайтаруды бұйырды. Енді еліңмен қауышасың. Мынау ат басындай алтын бізден ескерткіш болсын, деп мынау үлкен ыдыстағы күміс, ал мынау біздің планетада болғаныңның белгісі ретінде деп, гүл тәрізді шөп тапсырды. Иә, бұл дүниені күні-түні бойында сақта, пәле-жала, қауіп-қатерден қорғайды. Ал, енді көзіңді жұм, деді. Мен қуанып, көзімді жұмдым. Бір кезде көзімді ашсам есіктің алдындағы баяғы орнымда отырмын. Ауыл-аймақ жиналып-келіп, алты ай бойы қайда болғанымызды сұрады. Мен айтып едім, олар сенбеді. Мені есінен ауысқан адамға санай бастады, сосын мен алтын-күмісті көрсетуден қорқып, қалтамдағы гүл сияқты шөпті көрсетіп, ол түрлі түске еніп, құбылып, кейде жарқ-жұрқ етіп адамдарды таң қалдырды.

–Ал жеріңе оралған соң араққа қалай қарадың? – дедім мен. – «Арақпен біржолата қоштастым. Қандай адам болсаң да елің, отбасың, ағайын туған-туысың, жолдас-жораң сені өлімге қимайтынына көзім жетті. Содан бері де бес жыл өтті – деп сөзін аяқтады.

Құрметті оқырман, бұл ғажайып оқиғаның болғанына сену қиын екенін түсінемін, бірақ Құдайдың құдіретіне шек келтіруге болмайды.

ҰЛЫТАУ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ӘКІМІ

16 қыркүйек 2016 жыл

№56Ө

**ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ КЕНТТІК,
СЕЛОЛЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН
АББАТТАНДЫРУ, САНИТАРЛЫҚ
ТАЗАЛАУ, ЖӘНЕ КӨГАЛДАНДЫРУ
БОЙЫНША КҮЗГІ АЙЛЫҚТЫ
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 4 бабына сәйкес, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық сақтауаттылығын қамтамасыз ету негізінде кенттік, селолық елді мекендерді сәулеттендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру жөніндегі жыл сайын күзгі айлықты өткізу мақсатында:

1. Кенттік және селолық округтер әкімдері:

1) 2016 жылдың 19 қыркүйегі мен 15 қазан аралығында кенттік, селолық округтер мен елді мекендерде сәулеттендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру бойынша күзгі айлық өткізілсін;

2) күзгі айлық кезінде 2016 жылдың 24 қыркүйегінде кенттік, селолық округтер мен елді мекендерде сәулеттендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру бойынша жалпы облыстық сенбілікпен бірге «Ауылым – алтын бесігім» атты республикалық акция ұйымдастырылсын, 1 қазан, 8 қазан және 15 қазан күндері аудандық сенбілік күндері болып жариялансын;

3) барлық кенттер мен селолық елді мекендерінде апта сайын, әр бейсенбі күні санитарлық «Таза бейсенбі» күндері өткізілсін;

4) сәулеттендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру жөніндегі жұмыстар Ұлытау ауданының әкімі бекіткен шаралар жоспарына сәйкес жүргізілсін;

5) Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясының директоры Е.Дүйсенбаев аумақтағы сәулеттендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру жөніндегі күзгі айлықтың жүргізілу барысы туралы мақалаларды «Ұлытау өңірі» газетіне жариялап отырсын;

6) осы өкімнің 1 қосымшасына сәйкес кенттік, селолық округтер мен елді мекендерде ағаштар, көшеттер отырғызу жөніндегі жоспар тапсырмасы бекітілсін;

7) осы өкімнің 2 қосымшасына сәйкес кенттер мен селолық округтер әкімдері сәулеттендіру, санитарлық тазалау және көгалдандыру жөніндегі күзгі айлықты өткізу барысы туралы ақпаратты «Ұлытау ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне әр аптаның бейсенбі күні өспелі қорытындысымен хабарлама беріп отырсын;

2. Осы өкімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Аманжол Батырбекұлы Мырзабековке** жүктелсін.

Аудан әкімі

Х.ОМАРОВ

**КӨКТЕМГІ КЕЗЕҢДЕ
АУДАН ОРТАЛЫҒЫ МЕН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ
АҒАШ, КӨШЕТТЕР ОТЫРҒЫЗУ ЖӨНІНДЕГІ
ЖОСПАР – ТАПСЫРМА**

№	Елді мекендер	Өлшем бірлігі	Ағаштар	Көшеттер
1	Ұлытау	дана	100	10
2	Жезді	дана	70	10
3	Қарсақпай	дана	70	10
4	Сарысу	дана	20	10
5	Қаракөңгір	дана	20	10
6	Егінді	дана	20	10
7	Алғабас	дана	20	10
8	Аманкелді	дана	20	10
9	Қорғасын	дана	20	10
10	Терісаққан	дана	20	10
11	Байқоңыр	дана	20	10
12	Ақтас	дана	20	10
13	Қоскөл	дана	20	10
14	Мибулақ	дана	20	10
15	Борсеңгір	дана	20	10
Барлығы:			480	150

Ескерту: «Қарағанды облысының табиғи ресурстар мен табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің тапсырмасы бойынша егілген әрбір ағаштың куәлігі және фитосанитариялық төл-құжаты болуы керек.

**ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС
ОТЫРЫСЫ ӨТТІ**

Аудандық мәслихаттың мәжіліс залында Ә.Жандарбековтің төрағалығымен қоғамдық кеңес отырысы өтті. Бұл отырысқа, аудан әкімінің орынбасары А.Мырзабеков, Ұлытау селосының әкімі Т.Садықов, ауылымыздың еңбек ардагерлері, қоғамдық кеңестің мүшелері мен мекеме басшылары қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе қозғалды. Бірінші мәселе аудандық коммуналдық шаруашылық кәсіпорыны мен тұрғын үй, коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары, жолаушылар тасымалы және тұрғын үй инспекциясы мекемесінің жұмыстары мен халыққа қызмет көрсетуді жақсартудағы және жолдардың жөндеуі мен алдағы қысқа дайындық туралы болса, екінші мәселе Ұлытау селосының және тұрғын үй аймақтарында 2016 жылы жүргізілген тазалық жұмыстары жайында қаралды.

Осы екі мәселе бойынша қоғамдық кеңестің мүшесі С.Оспанов хабарлама жасады.

— Ауылдық жерлердегі жолдар әлі баланысқа алынбаған. Қазіргі таңдағы аудан орталығындағы қоқыс жәшіктері қоқысқа толып, жерде шашылып жатыр. «Тасбұлақ» ЖШС-і мекемесіне қарасты жылу қазандықтарын жөндеуге байланысты 12 млн. теңге бөлінген, бірақ жөндеу жұмыстары жасалмай жатыр. Сонымен қатар, биылғы жылы аудан орталығында ауызсу бірнеше күн болмады. Иманжан, Амангелді, Тәуелсіздік көшелерінде жазбойы ауызсу мүлдем болмаған. Бүгінгі күні құбырлар қалпына келтіріліп, ауызсу берілуде. Жаңа салынып жатқан үйлер тиісті иелеріне берілмей, осы күнге дейін бес үйге адамдар әлі қоңыстанбаған. Абай және Бұлқышев көшелеріндегі төрт үйдің құжаттары әлі күнге дейін толық жасалмаған-деді.

Бірінші мәселе бойынша аудандық коммуналдық кәсіпорының басшысы Е.Ибадилдин баяндама жасады. Бұдан кейін аудандық мәслихаттың хатшысы Т.Сейтжанов 2010-2015 жылдары аудан бюджетінен мекемеге керекті техникалар алу үшін 179 млн. 132 мың теңге бөлінгендігін, бүгінгі күні сол техникалардың біразы әлі күнге дейін баланысқа алынбағандығын және былтырғы «Саламаттан» су тартуға 215 млн. теңге ақша бөлінгендігін сонмен қатар, биыл тағы судың скважинасын тазалауға 46 млн. ақша бөлінгендігін тізбектеп айта келіп, сол арадағы бағандағы сымдарға бөлінген 215 млн. теңге ысырапсыз босқа шашылғанын атап өтті. Бұл сұраққа Е.Ибадилдин жауап беріп, суды қалпына келтіруге «Саламаттан» су келмей бұл жағдай орынға келмейтінін жеткізді. Жиын барысында ауылымыздың еңбек ардагері



Қ.Бекілдеков өз ойын білдірді.

— Қазіргі таңда Ұлытау, Жезді, Алғабастың қосалқы станциялары нашар, соларды болашақта дұрыстап, күрделі жөндеуден өткізу керек. Ұлытау селосының қосалқы станциясында екі адам ғана жұмыс істейді. Бірде-бір монтер жоқ. Осындай тоқтың мекемесі бола ма? Қазір күз мезгілі. Енді қысқа дайындықты бастау керек деп ойын түйіндеді.

Бұдан кейін аудандық ТҮК-ШАЖ және ЖТ мекемесінің басшы Д.Бекішұлы қысқа дайындық жөнінде хабарлама жасады. Осы хабарлама жайында Т.Сейтжанов өз ойын білдірді.

— Былтырғы жылы жылу қазандығына 12 млн. теңге ақша бөлінді. Сол ақша өзінің қажетіне жұмсалмай ауаға ұшуда. Ауданның бюджетінен салынған 29 үйдің құжаттары әлі толық қабылданбаған, не инфрақұрылымы да жоқ деп өз пікірін ашық айтты.

Бұл сұрақтарға Д.Бекішұлы өз жауабын берді.

— Осы мәселе туралы аудан әкімінің жиындарында айтылған, бірақ шындығында жұмыс өз деңгейінде жүріп жатқан жоқ. Ал 29 үйдің 4-еуі белгісіз үйлер болса, қалған үйлер мекемемен келісімге отырып ай сайын жалдамалы ақшасын төлеп отыр. Ал инфрақұрылымға келер болсақ, ол жұмыспен құрылыс бөлімі айналысады-деді.

Келесі кезекте комиссия мүшесі Ж.Бабатаев ауданымыздың қысқа дайындығы жөнінде сұрақ қойды. Бұл сұраққа Д.Бекішұлы нақты жауабын жеткізді.

— Әр село жолдардың қарын аршуға таныс жеке кәсіпкерлерді жұмысқа тартады, бірақ олар жұмысты уақытылы істемейді, содан барып, көптеген қиындықтар туындайды. Ол туралы аудан әкіміне бірнеше рет айтылған, бірақ сол айтылғандар іс жүзінде орындалмай қалуда - деді. Күн тәртібіндегі екінші мәселе тазалық жөнінде болды. Экраннан селомызда шашылып жатқан қоқыстардың суреттері көрсетілді. Осы мәселе бойынша Ұлытау селосының әкімі Т.Садықов атқарған жұмыстары негізінде есеп берді. Одан кейін жергілікті полиция қызметінің басшысы А.Дүйсен-

баев қоқыстарды уақытылы жинамаған адамдарға қолданылатын заңдармен толықтай таныстырды. Ауылымыздың еңбек ардагері Ш.Смайлов иессіз жүрген иттерге қарсы жұмыстарды күшейту керектігінайтты. Комиссия мүшесі Ж.Бабатаев құл-қоқыстардың шашылып жатқандығы туралы айтып, дер кезінде тазалық жұмыстарын жүргізу керек деп, өзекті мәселені қозғады. Комиссия мүшесі Т.Сейтжанов осы мәселе төңірегінде тереңірек ой қозғап, жан-жақты дәлелмен бастады.

— Қоқысты күнде емес, ең болмаса жетісіне бір алуға болады ғой. Анау қоқыс жәшіктері қоқысқа толы сыртына дейін шашылып жатыр. Бұның бәрі жауапкершіліктің, насихаттың жоқтығы, тұрғындарға дұрыс талап қоя білмегендіктен туындап отыр. Екі қоқыс алатын көлік техникасы алынды, бірақ олар құр босқа тұр, пайдаланып жатқан жоқ. Осы сұраққа село әкімі Т.Садықов жауап беріп, бұл жұмыстармен айналысатын «Тасбұлақ» мекемесі екендігін айтып, бұл мәселелерді түбегейлі шешу керек деп сөзін қысқа қайырды.

Отырыс соңында қоғамдық кеңес төрағасы Ә.Жандарбеков бірінші мәселе бойынша коммуналдық кәсіпорынның басшысы Е.Ибадилдиннің есебіне көңілі толмағандығын айтты. Алдағы уақытта жұмысты ширату керектігін және осы мекеменің жұмысы жайында ұсыныс жасалып, қысқа дайындық жөнінде аудан әкіміне ұсыныс берілетіндігін жеткізді. Сонымен қатар, аудандық ТҮК-ШАЖ және ЖТ мекемесінің басшысы Д.Бекішұлына былтырғы жағдайлар тағы да қайталанбау керектігін ескертіп, қазандықтарды толықтай күрделі жөндеуден уақытылы өткізуге дайындық жасау керек деп арнайы ескерту жасады. Сондай-ақ, «Тұрғын үй» саласы бойынша алдағы уақытта жұмыстарды жетілдіріп, заңға сәйкес орындауын ұсынды. Осы атқарылған жұмыстар бойынша осы жылдың 31 желтоқсанына дейін анықтама беру тапсырылды. Қоғамдық кеңеске қатысқан мекеме басшыларына бірқатар тапсырмалар берілді.

Өз тілшіміз.

ҚЫР БАЛАСЫ ЖҮРГЕН ІЗБЕН

(Соңы. Басы 1-бетте).

Экспедиция бұған дейін, құрбан айт кезінде Байқоңыр ауылының Терісбұтақ өзені бойында орналасқан «Дулығалы мешітінде» болып, бо-зқасқа қашарды құрбандыққа шалған болатын. Өйткені, бұл мешіт 1916 жылы Торғай даласындағы халық көтерілісі кезінде ел жиналатын орын болған. Көтерілісшілер ту көтеріп, Амангелдіні сардар сайлағанда құрбандыққа ақсарбас қошқар шалғаны тарихтан белгілі. Бүгін міне, 100 жыл өткеннен кейін бабалар рухы-

экспедиция жол бойы аймақ тарихын зерттеушілермен, ел ақсақалдарымен, жалпыжұртшылықпен арнайы кездесулер өткізеді. Негізгі міндеті Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов сынды белгілі тұлғалар туралы тың деректер жинау, сонымен қатар, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына қатысты материалдарды жинақтап ғылыми айналысқа шығару. Сапар барысында өлкетану, аймақтану бағыты бойынша іс тәжірибе алмасып, бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізеді.



на құран бағышталып сауапты іс жасалды. Бұл экспедицияның атқарған жұмысының бірі. Осы мешіттің алғашқы жобасын Құлмұхамед ишанның өзі жасаған. Құлмұхамед ишан діни сауатты, дәулетті адам болған. Мешітті салушы Талпақ Байтөреұлы. Қазіргі таңда мешіт қастерлі, рухани орталыққа айналды. Өлкеміздегі сәулетөнері жағынан қарағанда өзгешелеу құрылыс және тұңғыш мешіт. Мұндағы медреседе Қазан төңкерісінен кейін де бала оқытылып тәлім-тәрбие беріліп келген. Ел аузында Құлмұхамед мешіті немесе «Дулығалы мешіті» деп те аталады. Бірақ, екеуі де бір мешіттің атауы.

Ал, экспедицияның алға қойған мақсаты елдің елдігін танытқандай, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, ЮНЕСКО шеңберінде тойланатын Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдығы, 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысының 100 жылдығы қарсаңында Ұлытау – Торғайдан – Тоқырауынға дейінгі далалық өлкедегі тарихи тұлғалар есіміне байланысты орындарды Қыр баласы жүрген жолдарменқайта жүріп өту. Отаншылдық, мемлекетшілдік сананы қалыптастыруда ұлт көсемдерінің ұстанымдарын «Мәңгілік Ел!» идеясымен сабақтастыру, қазақ қоғамын ой, мақсат, әрекет бірлігі жолында ықпал ету болып табылады. Осы бағытты ұстанған

Экспедиция құрамында Жезқазған қалалық мемлекеттік мұрағатының басшысы Бағдат Байжантаев, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-ға қарасты Қаныш Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік мұражайдың директоры, өлкетанушы Кенжан Балкенов, Жезді кентіндегі Мәкен Төрегелдинатындағы тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайының директоры Зейліп Қазанбаева, Арқалық педагогикалық институтының оқытушысы Шөптібай Байділдинов, Қостанай облысы Торғай мұражайлар кешенінің директоры Гүлбану Күлетқызы, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы, өлкетанушы Сейтжан Әмірбаев, облыстық тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының маманы, тарихшы Елдос Әлкей, жергілікті жырау, қазақ эпостары мен жырларының орындаушысы Мұқаш Бекмағанбетов, қарсақбайлық өлкетанушы Тоңболат Мұқанов, Қарағанды облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бас маманы Анар Есмағанбетова, автокөлік жүргізушісі Думан Окапов бар.

Жиналған қауым сол күні экспедиция жұмысына сәттілік тілеп, «Хандар алаңында» шығарып салу рәсімін жасады. Аталмыш экспедиция Ұлытау төрінен Торғай даласын бетке алып жолға шықты. Ұлтымыздың ұлылығын ұлықтауға арналған ғылыми-танымдық экспедицияға сәт-сапар тілейміз!

Алтын орақ – 2016

АСТЫҚ АЛҚАПТАРЫНДА – ҚАЙНАҒАН ЕҢБЕК

**Рахымжан ӨДЕНҰЛЫ**

«Күз – береке бастауы» дейді дана қазақ. Расында жер емген қыр қазағы ала жаздай төккен терінің өтеуін көріп, жемісін теретін күзгі маусымды, қашаннан молшылықтың, тоқшылықтың қайнар көзіне балаған. Берекелі күзде жүргізілетін жиын-терін жұмыстарына асқан жауапкершілікпен қарап, ұйымшылдықпен өткеріп отырған. Қай тұрғыдан алсақ та, қытымыр қысқа дайындық осы қоңыр күзден басталады, өйтеуір!

Аудан аумағындағы егін шаруашылығымен айналысатын диқандар қауымы, биылғы Мешін жылғы астық ору науқанын ойдағыдай өткізу үстінде. Орташа есеппен былтырғы жылы әр гектардан 7-8 центнерден астық алынса, биыл бұл көрсеткіш гектарынан 12 центнерден айналып тұр. Барлық егін алқаптарының 80 пайызынан астамы орылып бітті.

Егін жинау жұмыстарының барысын бақылап қайту мақсатымен, аптаның ортасында аудан басшысы Х.Омаров бастаған, құрамында орынбасары М.Оспанов, спорт бөлімінің бастығы М.Оразалин бар топ астық алқаптарын аралап қайтты. Топтың құрамында Егінді ауылының әкімі М.Ахметов, Қаракеңгір ауылы әкімінің міндетін уақытша атқарушы С.Смағұлов, Терісаққан ауылының әкімі Ж.Сәдуақасов болды. Егінділік Нұржан Бекболат жетекшілік ететін «Кеңгір» шаруа қожалығында болып, ерте көктемде тұқым сіңірілген 750 гектар егін алқабын көрді. Онан соң Қаракеңгірдегі Барақта орналасқан іргелі шаруашылық «Бекетай-Бабада» болды. Б.Бекетаев басқаратын бұл шаруашылықта арпасы бар, бидайы бар барлығы 5500 га жерге егін егілген. Мұнда екі «Джон-Дир» қуатты комбайнда-

ры, тұқым тазалайтын чехиялық қондырғы, америкалық жүктіегіш жұмыс істеп тұр. Әр гектардан 12 центнерден астық алып отырған шаруашылық егін алқабының 80 пайызға жуығын орып бітірген. Ауданнан барған топ, шаруашылық

зы орылыпты. Шаруашылықтағы «Лида» комбайнының арқасында, гектарынан 10-12 центнерден бидай алынып жатыр. Қаракеңгірлік диқан Ұ.Аянбаев кезінде 30-50га – дан бастаса, бүгінде егістік жер көлемін 300га-ға жеткізіпті. Шаруашылықтағы 2 комбайн, 1 «К-700» қуатты тракторы үзіліссіз жұмыс істеуде. Ұлан болашақта егістік жер көлемін 1000га-ға жеткізбекші. Онымен қоңсылас «қонған» Б.Мақажанов, М.Каримов, т.б. диқандардың да шаруалары оңға басып-ақ отыр. Қаракеңгір ауылындағы Б.Қазанғаповтың 400га-лық егіні бітік шығып, әр гектардан 10-12 центнерден астық алынууда. Болатбек келешекте егістік көлемін көбейтуді көздеп жүр. Жасы 85-ті алқымдаған әкесі Орынбек те шаруашылықтағы жігіттермен бірге қырман басындағы вагон-қоста тұрып жатқан көрінеді. Ақсақалдың шаруашылық үшін жанын



жетекшісі Бағдаттың ресейлік 2 агрономнан ақыл-кеңес алып, тәжірибесімен бөлісіп жатқан кезіне тап болады. Негізіл АҚШ, Канада, Қытай, Түркия т.с.с. елдерде болып, егін технологиясы, химиялық өңдеу препараттары, жалпы агротехнологияны жаңашалау туралы біліп отырады екен. Жуырда Рио Олимпиадасына барып, жанкүйер болып қайтқан. Ал М.Асансейтов жетекшілік ететін «Асхат» шаруа қожалығының тұқым сіңірілген 900га жерінің 70 пайы-


амайтыны таң қалдырмай қоймайды.

Жалпы алғанда аудан аумағындағы астық алқаптарындағы еңбек ырғағы сәт санап артуда. Дала майданы ерлерінің еңбектерін өз көздерімен көрген топ мүшелері, диқандар тұрмысымен де танысып қайтты.

Суреттерде: аудан басшысы Х.Омаров бастаған топ астық алқаптарында.



Ой салу

АРАҚ
АЗДЫРАДЫ,
ЕСІРТКІ
ЕСТЕН АҰЫРАДЫ

Атақты физик, академик И.П.Павлов: «Адамдар арақ-шарапты қуаныш үшін ішсе де, ол адам баласына қуаныштан гөрі қайғы-қасіретті көбірек шеккізеді»—деген екен кезінде. Бұл әсіресе, екіқабат немесе емізулі баласы бар әйелдер үшін аса қауіпті. Өйткені, алкоголь әйелдің қаны арқылы жатырдағы балаға еркін өтеді, ал емшек сүтіне араласқан алкоголь нәрестеге орасан зардап шеккізеді. Ішкіліктің болашақ ұрпақ үшін зиян екені бағзы заманнан-ақ белгілі болған. Ертедегі Римде 30 жасқа дейінгі ер мен әйелдердің арақ-шарап ішуіне қатаң тыйым салынған. Тарихи деректерге сүйенсек, ежелгі Русьте де жаңа үйленген жастардың спиртті ішкіліктер ішуіне тыйым салынғаны белгілі. Ал, Францияда орта ғасырларда жарым-жан, мүгедек болып дүниеге келген балаларды: «Көңіл көтеріп арақ-шарап ішуден пайда болған балалар» деп атаған. Ғалымдар өте аз мөлшерде пайдаланылған спирттік ішкіліктің бір сағаттан кейін-ақ ерлер мен әйелдердің қанынан байқалатынын дәлелдеген. Ана құрсағындағы сәби қоректік заттардың денін анасының қаны арқылы алады. Ал, ішкілік ең бірінші адам қанын улайды. Ондай баланың дене бітімі мен ақыл-есінде көптеген кемшіліктер мен ауытқушылықтар орын алады. Жатырдағы ұрыққа алкоголь түрліше әсер етеді. Көп жағдайда ұрық жетілмей қалады немесе бала әлжуаз болып дүниеге келеді. Маскүнем отбасыларында баланың шетінеуі көп кездеседі, не кейбір дене мүшелері жетілмей қалады. Мысалы, тілі сақау, түрі ұсқынсыз, т.б. Ал, енді емізуші әйел арақ ішсе, алкоголь қан арқылы сол заматта ана сүтіне еніп, жас нәрестенің денсаулығына орны толмас зардап келтіреді. Ең әуелі, нәрестенің

жүйке жүйесін бұзады. Содан кейін сәбидің асқазанын, бауырын, бүйрегін, жүрек-қан тамырлар жүйесін ауруға шалдықтырады. Баланың ақыл-есінің кем болуының ең негізгі себептерінің бірі де осы. Мәселен, Францияда жасалған бір зерттеуде маскүнемдердің отбасында дүниеге келген 57 баланың денсаулығы тексерілген. Зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша, 57 сәбидің 25-і нәресте кезінде-ақ шетінеген, ал 5-еуі өсе келе қояншық (эпилепсия) ауруына ұшыраған; 5 бала су миға (склероз) шалдыққан; 12 бала (шизофрения) секілді түрлі психикалық ауруларға шалдыққан. 57 баладан тек 10 бала ғана дені сау болып шыққан. Алайда олардың да иммунитеті өте әлсіз, аурушаң болып өскені анықталған. Өкінішке орай, қазіргі таңда бұқаралық ақпарат құралдарының кең қанат жайып, халықтық сауаттылық және мәдени деңгейі көтерілгеніне қарамастан, болашақ ата-аналар ішкілік ішу салдарынан балаларының қандай қайғылы күйге ұшырайтынын сезбеуде. Баланың іштен ауру, есуа болып тууы үшін ата-анасының маскүнем ішкілікке салынуы міндетті емес. Ауызға алған аз ғана алкогольдің өзі бір айға дейін адамның қанында болатынын заманауи медицина дәлелдеді. Ішкілікке салыну тек қана ауру-сырқауға арқау болып қоймай, адамды моральдық азғындыққа ұшырататын індет. Маскүнем ата-ананың тәрбиесінде болған ананың психикасында көптеген ауытқушылықтар орын алады. Мұндай балалардың бойындағы қорқу, ұят, намыс секілді сезімдер өзге құрбы-құрдастарына қарағанда өзгеше қалыптасады. Мысалы, балалардың түнде өзінен-өзі қорқуы, жеңіл дәретін ұстай алмауы көбінесе маскүнем отбасыларында кездесетін жәйттер.

Швейцариялық дәрігерлер дүйсенбі және бейсенбі күндері емшек емгеннен кейін, аяқ-қолы дірілдеп талып қала беретін нәресте сырқатының себебін анықтады. Тексере келе сәбидің анасының аптасына екі рет, сәрсенбі және жексенбі күндері жұмысқа бармайтыны белгілі болды. Міне, дәл осы демалыс күндерінде әлгі әйел аздап шарап ұрттайтын көрінеді. Осылайша келесі күні ана қанындағы алкоголь емшек сүті арқылы нәрестенің ағзасына өтіп, оны талма ауруға ұшыратады екен. Осы оқиғадан кейін әйел байғұс шарап ішуді сап таяды және көп өтпей нәрестенің қалтырап-дірілдеп талып қалуы да басылған екен.

Медициналық тәжірибеде болған тағы бір қызықты жағдай: «өкпесі қабынып ауырған 6 айлық баланың кеудесін шешесі күніне үш рет арақпен сылайды (компресс). Мұны үшінші күні жасаған-да, нәрестенің уланғаны байқалады. Сәби есінен танып, терісі бозарады. Денесінен суық тер шығып, қызуы көтеріледі. Нәрестенің демінен спирттің иісі шыға бастайды. Осылайша нәресте 17 сағаттай ауыр халде жатып, 4 тәуліктен кейін ғана есін әрең жиыды. Өкінішке орай, ата-аналар

болайық! Келешек ұрпақтарымызды ойлайық!

«Арақ — атаңнан қалған ас емес» деп шырылдап жүрген қазаққа бүйідей тиген тағы бір індет қосылды. Ол — нашақорлық. Тез еліктегіш кейбір жастар бұл кесепаттың байыбына бармай, шыр-мауыққа шырмалған өрмекшідей күй кешкенін аңғармай қалады. Ал, нашақорлық жайлаған жерде өмірді жұлынқұртша жалмайтын атың өшкір жаман кеселдің де өршіп тұратыны белгілі емес пе?! Жалпы статистика көрсет-

маскүнемдікке ұшырап, нашақорлыққа салынып, бала-шағалары жетім-жесір атануда. Азғындықтың бәрі арақ пен есірткінің кесірінен туындауда. Арақты қайтсек те халқымыздың арасынан аластауымыз қажет. Атамыздан қалған ас емес қой. Бұл тұтас бір ұлттың жойылуына, тексізденуіне әкеп соғады. Арақ пен анаша көп адамның тағдырын талқандағанын байқаймыз. Үй-жайынан, тұрмысынан, баспанасынан айырылып, кезбелікке салынғандар қаншама! Ең өкініштісі, олардың қатары күннен күнге көбейіп барады. Тіпті, арасында жастар да бар.

«Есірткі мен арақ ең бірінші адамның миын улайды. Сана-сезімін төмендетеді. Біртіндеп миы су болып кетеді. Төртаяқты хайуаннан айырмашылығы болмай қалады. Адамдық қасиеттен жұрдай болады. Ойлау, қымсыну, ұялу дегенді білмейді. Өзін-өзі қорғаудан қалады, қорқу дегенді ұмытады». Арақ — есірткіге тез апаратын бірден-бір жол. Есірткіден ВИЧ, көкірек ауруы, рак си-

ІШКІЛІК ІШКЕН АНА

көп жағдайда спирт өнімдерін емдік мақсатпен жас балаларға қолданады. Осы мысалдардан-ақ арақтың адам ағзасына, әсіресе сәби денсаулығына қаншалықты зиян екенін пайымдауға болады. Ал арақ ішудің қазіргі қоғамға, жалпы адамзат баласына «сыйлар сыйын» саралар болсақ:

Арақ — жүректен иманды, жүзден нұрды кетіріп, адамды азғындатады;

Арақ — ата-анаға құрмет жасаудан қол үздіреді;

Арақ — өшпенділік бұзақылық, қатыгездік, қанішерлік қасиеттерді қоздырады;

Арақ — ішкен адамның дұғасы (тілегі) 40 күнге дейін қабыл болмайды;

Арақ — есте сақтау қабілетін, зейінді жойып, ессіздік пен ұмытшақтыққа душар етеді;

Арақ — қылмыстың атасы, адамды қанішер, қатал, қатыгезге айналдырып, Құдайдан қорықпайтын халге жеткізеді;

Арақ — ағайынды алауыз етіп, арасын ажыратады;

Арақ — адамды діннен бездіреді;

Арақ — адамды қарызға батырып, абыройдан жұрдай етеді;

Арақ — арақ ішкен ер мен әйелді арсыздыққа жетелеп, зинақорлыққа апарады;

Арақ — адамды берген уәдесінен орындамайтын опасызға айналдырады;

Арақ — адал достардың арасына жік түсіріп, араздастырады;

Арақ — арақ ішкен еркекті белсіздікке ұрындырады;

Арақ — досқа — күлкі, дұшпанға — таба етеді;

Арақ — арақ ішу кез-келген жанның отбасын ойрандап, шаңырағын ортасына түсіреді;

Арақ — арақ ішу — жетім мен жетесіз ұрпақты көбейтеді;


Арақ — арақ ішкен жанның басынан уайым-қайғы (бұлты) сейілмейді;

Арақ — арақ ішу — жол апаттарының басты себебі;

Арақ — арақ ішу — барлық дау-дамай, ұрыс-керіс, жанжалдың себепшісі;

Арақ — баршаның түбіне ертерек жететін тажал.

Міне, мұсылман ағайын-туыстар, арақтың қандай зияны бары екенін білдіңдер. Арақтан аулақ



кендей, елімізде жылына 15-16 мың адам есірткі мен ішімдікті шектен тыс пайдалану салдарынан ажал құшады екен. Ал, арақтың арбауына түскендердің саны 300 мыңға жуықтапты. Бұл есепке алынғандары ғана. Ұлтымызға, ұрпағымызға опа бермес бұл қасіреттен құтылудың амалдары қандай? Арақ пен есірткіден сақтанудың, одан арылудың бір жолы — дін. Егер дінге мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілсе, жұртты жаппай үгіт-насихат арқылы ислам дініне жұмылдырсақ, арақ пен есірткінің жолы біржола кесілер еді. Есірткіге еліккендер мен арақтан араша сұраған бірнеше жанның дұрыс жолға түсуіне себепші болған мешіт қызметкерлері қолдарынан келгенше көмек беруге әзір. Дегенмен, қоғамнан тысқары, мына дүниенің қызығынан бейхабар қалған жандар мешіт табалдырығын аттауға құлықсыз. Олардың бар ойы бір нүктеге бағытталған. Сананы жегідей жеп өкетіп бара жатқан бір шөкім шөпті немесе бір стақан арақты қалайда болсын тауып, рахатқа бөлену. Бүгінде қалада болсын, ауылда болсын ішімдікті сатпайтын сауда орындары, асхана мен мейрамхана жоқтың қасы. Исламда оларды имансыздық ордасы деп санайды. Алла Тағала бес аят берген: ішімдікті ішуші; құйып беруші; сатушы, сатып алушы, оны дайындаушы; оған тапсырыс беруші, тіпті оны тасымалдаушы адам Алланың қарғысына ұшырайды екен. Қаншама адам

яқты емі жоқ дерттер туындайды. Кейбір нашақорлар қойдым деп, өздерінше жеңіл түріне көштім деп араққа салынып кетеді екен. Біздің елімізде арақ-шарап пен темекі өнімдерін жарнамалауға заң жүзінде тыйым салынса да өндірушілер түрлі жолдарын тауып жатады. Еш зияны жоқ, экологиялық таза өнім дейтіндерін қайтерсің. Арақ — иіссіз, түссіз сұйықтық. Наркотикалық, фотофлазмалық у. Арақ — ешуақытта тамақ өнеркәсібіне жатқызылмайды. Арақ пен анашаның жеке адамдардың өміріне, отбасына келтіретін зияны өз алдына. Ұлт ретінде жойылып кетуге дейін қауіп төндіріп тұр. Өйткені, біздің елде арақтың құны болашағын ойлаған көп елден арзан. Тереңірек қарасақ, осыдан 15 жыл бұрын біз 15 млн. едік. Әлі 17 миллионбыз!

Өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Сол өмірдің қадірін түсіну, өмірдегі қымбаттысын аялап, ардақтап өту өркімнің ой-түйсігіне байланысты. Қоғамға, қажетті азамат болу, жар сүю, ұрпақ өсіру адаммын деген әр жанның міндеті, парызы. Өз соқпағыңды адаспай тауып, сол соқпақтарда кездесетін кедергілерге бола күйректік танытпай, шыныға түс, келер ұрпақ! Ұлт тағдыры, ұлт болашағы сенің қолыңда, елдің ертеңі болар жас өркен сендерсіндер!!!

**Бабас МАҚЫШҰЛЫ,
Сарысу ауылы орталық
мешітінің найб-имамы.**

«КӘСІПКЕРЛІКТІ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Ел Президенті 2014 жылдың 24-желтоқсанында, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңына қол қойды. Айта кетерлігі, бұл Заң Мемлекет басшысының қазақстандық бизнесті жан-жақты қолдау саясатын жүзеге асырудың және «Кәсіпкерлік қызметті 2020 жылға дейін мемлекеттік реттеу тұжырымдамасын» іске асырудың жүйелі деңгейлерінің бірі болып табылады.

Заңның басты мақсаты — Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы жағдайларды жасау, мемлекет және бизнес арасындағы өзара серіктестік қатынастарды тұрақтандыру, «жазаны анықтау» саясатынан «алдын алу және адал кәсіпкерлікті көтермелеу» саясатына көшу және кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы жетілдіру.

Заңмен енгізілген өзгерістер мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың барлық салаларын қамтыды.

Олар бірінші ретте жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің тиімділігін жоғарылатуға, оның ішінде:

— жоспарлы тексерістерді тәуекелдерді бағалау жүйесі бойынша ұйымдастыруға көшу;

Аталған Заңның қолданыстағы заңнамаға енгізген елеулі өзгерістерінің бірі — ҚР Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есеп комитетіне тексерістерді реттеу қызметін беру.

Тексерістерді реттеу дегенді бақылау және қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік органдардың келісілген, реттелген әрекеттерінен тұратын мемлекеттік бақылау үрдістерін басқару механизмі ретінде түсіндіруге болады. Оған қоса Бас прокуратурамен Комитеті кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жүргізілетін тексерістердің айқындылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін және барлық тексерістердің заңдылық жағдайы туралы объективті бейнесін көруге мүмкіндік беретін инновациялық жоба енгізіліп жатыр. Бұл жүйе Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі — (ТСОБТ), (ЕР-СОП) деп аталады.

Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі (ТСОБТ) дегеніміз не-бұл жүргізілген тексерулер туралы мәліметтер және бақылаудың басқа түрлері негізінде құзырлы органдар қалыптастыратын мәліметтердің электронды базасы.

Тексеру объектілері мен субъектілерінің тізілімдемесін тексерулерді «Тексерулерді электронды тіркеу» жүйесінде тіркейтін мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының қызметкерлері жүргізетінін есепке ала отырып, (ТСОБТ) «Тексерулерді электронды тіркеу» жүйесінің модулі ретінде ұсыну туралы шешім қабылданды.



Тексеру объектілері мен субъектілерінің тізілімдемесін жүргізу үрдісі 3 деңгейге бөлінген:

— Сұраным субъектісін жасау және редакциялау.

— Объектіні жасау және редакциялау.

— Тексеру парақтарын толтыру.

Барлық қажетті деректемелерді енгізген және толтырған соң тексеру субъектісі «Тексеру картасында» көрсетіледі, тексеру нәтижелеріне байланысты баллдарының саны көрсетіле отырып, ең алдымен, осы жоба мемлекеттік органдар ғана емес кәсіпкерлердің өзі де ақпарат алуға мүмкіндігі болуы үшін жасалады:

— белгілі бір тәуекел деңгейіне жатқызу;

— келесі тексеру кезеңі туралы;

— рейтингтегі алған орны, бұл кәсіпкерлер үшін мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау қызметтерінің айқындылығын қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар үшін бұл жоба, ең алдымен тәуекелдер жүйесін бағалау бойынша күнделікті ведомстволық бақылау және төмендегі бөлімдер жұмысының тиімділігіне шұғыл электронды мониторинг жүргізу мүмкіндігін береді. Аталған бағдарламаның сөзсіз оңтайлы жері тексерулер кезеңін анықтау кезіндегі мемлекеттік бақылау және қадағалаудың үрдістерін автоматтандыру болып табылады. Оның ішінде ұпайларды есептеу және тәуекелдер тобына жатқызу автоматтандырылады, заңнама талаптарын ескере отырып тексеру кестелерін автоматты түрде қалыптастыру жүзеге асырылады, яғни бұл бағдарламада адами фактор толық жойылады.

ҚР БП Комитетінің төрағасы және Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті төрағасының бірлескен бұйрығы бойынша Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі (ТСОБТ) жүйесін Тұтынушылар құқығын қорғау департаменттерінде оның аумақтық бөлімшелерінде, медициналық және фармацевтикалық бақылау және ТЖ органдары апробациялау (мақұлдау) пилоттық жобасын жүзеге асыру 2015 жылдан басталды.

Кәсіпкерде заң бұзушылық

анықталған жағдайда тексеру парағы Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімінде (ТСОБТ) көптеген заңбұзушылық жасаған басқа субъектілерге қарағанда мейлінше аз ұпайлармен толтырылады. Яғни, кез келген азамат тексеру картасын қарап өзіне ең оңтайлы демалыс, сауда орны немесе кәсіпкерлік субъектілері көрсететін басқа қызмет орындарын таңдайды. Осы жобаны енгізумен әрбір кәсіпкер өз бизнесінің адал кәсіпкерлер рейтингісінде болуына ұмтыла бастайды деп көзделуде.

Өз кезегінде бұл көрсетілетін қызметтерге сұраныстың артуына, сәйкесінше коммерциялық құрылымдардың негізгі мақсаты болып табылатын түсетін пайданың артуына мүмкіндік береді.

Сараптамалар көрсеткендей, біздің облысымызда шағын және орта бизнеске қатысты заңнама бұзушылықтар көп жерде орын алған. Ал лауазымды тұлғаларды тәртіптік жазаға тарту қалыпты жағдай болды. Енді «Жемқорлықпен күрес туралы» Заңын қатаңдандыруға байланысты, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулерді ұйымдастыру талаптарын бұзу жемқорлыққа жағдай жасайтын құқықбұзушылық болып табылады.

Бұрын айтылғандай Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі — (ТСОБТ) жобасын енгізу адами факторды жояды, бұл өз кезегінде заңсыз тексерулердің, сонымен қатар жемқорлық себептерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі — (ТСОБТ) жобасын енгізу заңсыз тексерулерді мейлінше кемітіп, еліміздегі кәсіпкерліктің еркін дамуына кедергі келтіретін әкімшілік шаралардың азаюына мүмкіндік береді, сонымен қатар Қазақстанды қолайлы іскерлік климаты бар, ауқымды шетелдік инвестицияларды тартуға мүмкіндік беретін өлемдегі барынша бәсекеге қабілетті елдер санатына жақындатады.

Б. БЕГАЕВ,
ҚСЖАЕА саласындағы заңдылықты қадағалау жөніндегі
Ұлытау ауданы бойынша
прокуроры.

Елбасы Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» және «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму бағдарламасында қойылған міндеттер сала үшін өте маңызды.

Елбасы өз елін жаңа биіктерге жүйелі түрде бастап келеді. Қуатты мемлекеттің басты ерекшелігі — ел дамуының әрбір жауапты кезеңіне айқын мақсат қойып, оған жетудің нақты жолдарын белгілеп, бағдарлама жасап, бүкіл халықты сол мақсаттарды орындауға жұмылдыру болатын. Осы бағытта «Нұрлы жол» Жаңа экономикалық саясаты мен «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаттарын шешудің бес институттық реформасын жүзеге асырудың «100 нақты қадам» айқындалды. Ұлт жоспары — бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бірге жаңа

қалыптастыруға, тұрғындардың мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметке қолжетімдігін арттыруға бағытталып келді. Ендігі кезекте жоғарыда айтып өткенімдей, «100 нақты қадамның» мемлекеттік қызметке бағытталған 15 қадамы бүгінгі заман талабына сәйкестендірілген негізгі бағыттарын айқындап, мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын нақты талаптар белгіленді. Олар — бүгінгі мемлекеттік қызметкерлер моральдық саяси, іскерлік қасиеттері жоғары, қолы таза, жүрегі адал, қарапайым да кішіпейіл, әдепті, білімді де білікті, мәдениетті, рухы мықты, жігерлі, қажырлы да

БОЛАШАҚҚА БАСТАР 100 НАҚТЫ ҚАДАМ — ЕЛ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары. Сонымен қатар, «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асыруға, Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай туғызатын беріктік қорын жасап беретін болады.

2013 жылы мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіруге бағытталған «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл Заңдар Елбасының Жарлығымен айқындалған мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы функцияларды ажырату орталық және жергілікті атқарушы органдар өкілеттіктерін кеңейту және күшейту арқылы олардың дербестігі мен жауапкершілігін көтеруге, құжат айналымымен барынша қысқартып, «жинақы үкімет

қайратты, отансүйгіш, ұлтжанды, жауапкершілігі жоғары, өзіне де, өзгеге де талап қоя білетін, құқықтық сауатты, өз қызметінің білгірі болу. Елбасының бұл реформасының түпкі мақсаты — елімізді ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына енгізіп, жаһандық қауіптерге тойтарыс беру. Жалпы айтқанда, қоғамдағы «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды «жүйелі емдеп» қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгерту болып табылады. Соған орай, заман көшінен қалып қоймай, абыройлы қызмет етіп, бес реформаның іске асуына барлығымыз өз үлесімізді қосуымыз қажет.

М.БИМАҒАНБЕТОВА,
Ұлытау ауданы Әділет
басқармасының бас маманы.

СУДЬЯЛАРДЫҢ VII- СЪЕЗДІ ӨТЕДІ

Жақында Қазақстан Республикасы Судьялар Одағының кезектен тыс VII съезін шақыру туралы қаулы қабылданды. Бұл съезде еліміздің сот жүйесіне қатысты көптеген маңызды мәселелер қаралады деп күтілуде. Бұған дейін өткен алқалы алты жылында да сот жүйесін жетілдіруге қатысты көптеген ұтымды ұсыныстар айтылып, бүгінгі таңда сол күн тәртібіне қойылған міндеттердің алды жүзеге асырыла бастады.

Өткен 20 жыл ішінде сот жұмысына, судьялар қызметіне қатысты қарапайым қалам-қағаздан бастап, зәулім ғимаратқа, заманауи техникалық құрылғыларға дейінгі материалдық мәселелердің барлығы дерлік шешімін тапты. Бүгінде әдемі, жарық, еңселі ғимаратқа кірген азаматтар төрелік алаңының маңызын бірден сезінеді. Осының бәрі өткен судьялар съездерінің жемісі. Өйткені съезде әр аймақтан келген судьялардың еркін ой-пікір алмасуына, сот жүйесінің дамуы мен өзекті мәселелердің шешімін табуына, сот жүйесінің материалдық базасының нығаюына айтарлықтай ықпалын тигізді.

Судьялардың 2013 жылдың 20 қарашасында өткен VI - съезінде сот саласындағы соңғы 4 жыл көлеміндегі атқарылған сан-салалы жұмыстары таразы басына салынып, сараланды. Съезде сот жүйесін әрі қарай ілгерілету, орын алған кемшіліктерді көрсетіп, судьялар жұмысына жаңа серпін беру, құқықтық жүйені белсенді қалыптастыруға баса назар аударылды.

Мемлекет басшысының өзі VI-съезде сөйлеген сөзінде: «Біз Қазақстан-2050» стратегиясын темірқазық ете отырып сот жүйесін жетілдіруді жалғастыра беруіміз қажет. Дана халқымызда «Билік айту— оңай, біліп айту-қиын» деген сөз бар. Әділ-қазылық ету кез келген судьяның қасиетті парызы!

Ол үшін заңды бес саусақтай білу аздық етеді. Ең бастысы, би адал, әділ болуы керек. Ол қарақылды қақ жарған әділ болса, дауерлер төреліктің дұрыстығына күмән келтірмейді. Айыпкер заң бұзғанға зауал бар екенін түсінеді. Сот төрелігінің әділдігі мен жедел әрі толық орындалуы кез-келген елдің кемел болмысының көрінісі. Сот жүйесінің дамуы тоқтап қалатын құбылыс емес, оны үздіксіз жетілдіріп отыру керек.

Сол себепті әр съездің көтерген жүгі ауыр, қозғайтын тақырыбы да сан алуан. Биыл жетінші рет ұйымдастырылып отырған кезектен тыс VII съезд—Судьялар Әдеп Кодексі заман талабына сай лайықтап, осы уақытқа дейін көтерілген мәселелерді ескере отырып қабылдауымен ерекшеленбекші. Бүгінгі күнге дейін қолданыста болған Әдеп Кодексі 2009 жылы қабылданған еді. Судьялар Одағы бастамашылық жасаған жаңа Әдеп Кодексі мемлекет атынан сөйлейтін судьялардың біліктілік қасиетін ғана емес, кісілік келбетін, адамгершілік, моральдық бейнесін нығайтуға ықпал етеді деген сенім мол. Себебі, бұл Кодекстің бір ерекшелігі — судьяларға Президент, халық тарапынан қойылған талаптардың барлығы ескерілген.

Кодекс жобасы Бангалор қағидаты мен ең үздік халықаралық тәжірибенің негізінде жасалған.

Еліміздің барлық соттары судьялардың кезектен тыс өтетін VII съезіне дайындық үстінде. Оған баратын өкілдер таңдалып, көпшілік назарына салынатын мәселелер талқыға түсуде. Алдағы съезд сот жүйесіне тың бастамалар мен жақсы серпін боларына күмәніміз жоқ.

А.ДОМБАЕВА,
Ұлытау аудандық
сотының кеңсе
менгерушісі.

«АҚТАЛҒАН АДАМҒА КУӘЛІК БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақталған адамға куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Мемлекеттік қызметті аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 «Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11342 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген «Ақталған адамға куәлік беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі – Стандарт) сәйкес көрсетеді.

2. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: «Ақталған адамға бірыңғай үлгідегі куәлік беру қағидаларын, ақталған адамның куәлігінің үлгісін бекіту

және «Саяси қуғын-сүргінге ұшырап ақталған адамдарды куәлікпен қамтамасыз ету тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қазандағы №1055 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 184 қаулысымен бекітілген үлгідегі куәлік немесе оның телнұсқасы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

5. Көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттармен (бұдан әрі – құжаттар) қоса өтініш беруі мемлекеттік қызметті көрсету рәсімдерін (іс-қимыл) бастауға негіз болады.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындау ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды

қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға жолдайды.

Нәтижесі – тіркеу журналына жазу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарауға жолдайды;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын белгілейді.

Нәтижесі – жауапты орындаушыны белгілеу;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 3 жұмыс күні ішінде құжаттардың толық және дұрыс ресімделгенін тексереді, нәтижені дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді.

Нәтижесі – нәтижені көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жібереді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесіне қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жібереді.

Нәтижесі – нәтижені көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесіне жібереді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут

ішінде нәтижені тіркеу журналына тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Нәтижесі – тіркеу журналына тіркейді және көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті алғандығы туралы қолы.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі: 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттауы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынған құжаттарды қабылдауды және тіркеу журналына тіркеуді жүзеге асырады және оны көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қара-

уға жолдайды; 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарайды, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын белгілейді; 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 3 жұмыс күні ішінде құжаттардың толық және дұрыс ресімделгенін тексереді, нәтижені дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға береді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін мемлекеттік нәтижесіне қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жібереді;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе маманы 30 минут ішінде нәтижені тіркеу журналына тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға береді.

4. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен көрсетілмейді.

Утвержден постановлением акимата Карагандинской области от 30 мая 2016 года № 37/04

РЕГЛАМЕНТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ УСЛУГИ «ВЫДАЧА УДОСТОВЕРЕНИЯ РЕАБИЛИТИРОВАННОМУ ЛИЦУ»

1. Общие положения

1. Государственная услуга «Выдача удостоверения реабилитированному лицу» (далее - государственная услуга).

Государственная услуга оказывается местными исполнительными органами районов и городов областного значения (далее - услугодатель) в соответствии со стандартом государственной услуги «Выдача удостоверения реабилитированному лицу», утвержденным приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 279 «Об утверждении стандартов государственных услуг в социально-трудовой сфере» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 11342), (далее - Стандарт).

2. Прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляется через услугодателя.

3. Форма оказания государственной услуги: бумажная.

4. Результат оказания государственной услуги: удостоверение или его дубликат по форме, утвержденной постановлением Правительства Ре-

спублики Казахстан от 2 апреля 2015 года № 184 «Об утверждении Правил выдачи удостоверения единого образца реабилитированному лицу, образца удостоверения реабилитированного лица и признании утратившим силу постановления Кабинета Министров Республики Казахстан от 22 октября 1993 года № 1055 «О порядке обеспечения удостоверениями реабилитированных лиц, подвергшихся политическим репрессиям».

Форма предоставления результата оказания государственной услуги: бумажная.

2. Описание порядка действий структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

5. Основанием для начала процедуры (действия) по оказанию государственной услуги является заявление услугополучателя с приложением необходимых документов, указанных в пункте 9 Стандарта (далее - документы).

6. Содержание каждой процедуры (действия), входящей в состав процесса оказания государственной услуги, длительность его выполнения:

1) специалист канцеля-

рии услугодателя в течение 30 минут осуществляет прием и регистрацию в журнале регистрации полученных от услугополучателя документов и передает на рассмотрение руководителю услугодателя.

Результат - запись в журнале регистрации и направление на рассмотрение руководителю услугодателя;

2) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня рассматривает документы, определяет ответственного исполнителя услугодателя.

Результат – определение ответственного исполнителя;

3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 3 рабочих дней проверяет полностью и правильность оформления документов, готовит результат и направляет на подписание руководителю услугодателя.

Результат – направление результата на подпись руководителю услугодателя;

4) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня подписывает результат оказания государственной услуги и направляет в канцелярию услугодателя.

Результат – направляет результат в канцелярию услугодателя;

5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут регистрирует в журнале регистрации и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

Результат - запись в журнале регистрации о выдаче и роспись услугополучателя о получении государственной услуги.

3. Описание порядка взаимодействия структурных подразделений (работников) услугодателя в процессе оказания государственной услуги

7. Перечень структурных подразделений (работников) услугодателя, которые участвуют в процессе оказания государственной услуги: 1) специалист канцелярии услугодателя; 2) руководитель услугодателя; 3) ответственный исполнитель услугодателя.

8. Описание последовательности процедур (действий) между структурными подразделениями (работниками) с указанием длительности каждой процедуры (действия):

1) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут осуществляет прием и регистрацию в журнале регистрации полученных от услугополучателя документов

и передает на рассмотрение руководителю услугодателя; 2) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня рассматривает документы, определяет ответственного исполнителя услугодателя; 3) ответственный исполнитель услугодателя в течение 3 рабочих дней проверяет полностью и правильность оформления документов, готовит результат и направляет на подписание руководителю услугодателя; 4) руководитель услугодателя в течение 1 рабочего дня подписывает результат оказания государственной услуги и направляет в канцелярию услугодателя; 5) специалист канцелярии услугодателя в течение 30 минут регистрирует в журнале регистрации и выдает результат государственной услуги услугополучателю.

4. Описание порядка взаимодействия с Государственной корпорацией «Правительство для граждан» и (или) иными услугодателями, а также порядка использования информационных систем в процессе оказания государственной услуги

9. Государственная услуга Государственной корпорацией «Правительство для граждан» не оказывается.

ШЕТЕЛДЕН ҚАРЖЫ АЛАТЫН ҰЙЫМДАР ЕСЕП БЕРЕДІ



Бұдан былай шетелдік азаматтар мен ұйымдардың қаражатын пайдаланып, заңдық қызмет көрсететін, қоғамдық пікірге зерттеу жүргізетін және ақпаратты жинақтап, талдап, тарататындар арнайы есеп беретін болды. Қазақстан Салық кодексіне шетелдік қаржыландыру туралы түзету енгізді. Осыған сәйкес, еліміздегі шетелдіктердің қаржылық қызметін Қаржы министрлігі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитетінің қызметкерлері қадағалап отырады.

«Заңға енгізілген түзетуге сәйкес, шетелден қаржы алатын азаматтық және заңды тұлғалар бұдан былай мемлекеттік кіріс органдарына есеп беруге міндеттеледі. Алайда бұл түзетудің кәсіпкерлерге қатысы жоқ. Анығында түзетулер бұрын реттелмеген үш қызмет түріне қолданылады. Қазіргі кезде мемлекетке есеп беретін кәсіпкерлерге бұл заңның құзыры жүрмейді».

Мемлекеттік кірістер комитетінің есептеуі бойынша, еліміздегі салық төлеушілердің 99,9 пайызына да бұл түзетудің қатысы жоқ. Тек шетелдік азаматтар мен ұйымдардың қаражатын пайда-

ланып, заңдық қызмет көрсететін, қоғамдық пікірге зерттеу жүргізетін және ақпаратты жинақтап, талдап, тарататын 0,1 пайыз тұлғалар арнайы есеп береді. Қолға алынған іс-шаралардың хабарламалық сипатқа ие екенін және салық төлеушілердің құқықтары ешқандай шектелмейді. — Бұл шаралар қаражат алу мен жұмсау тәртібінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Мұндай есеп беретін тұлғаларға мемлекеттік кірістер органдарына келіп, тіркелудің қажеті жоқ. Бар болғаны, тиісті ақпаратты салық төлеушінің электрондық кабинеті бойынша немесе хат формасында құзыретті органға жолдауға болады, — деп түсіндірді ол.

Ендігі кезекте: «Шетелдік қаражат туралы мәлімет қанша уақытта берілуі керек?», «Салық органдарына хабарлама жіберу міндетті ме?», «Шетелден ақша алғаны жөнінде салық органдарына хабарлама жіберуге барлық азаматтар мен заңды тұлғалар міндеттеле ме?» деген сауалдарға тікелей жауап берелік. Құзыретті мемлекеттік органдардың түсіндіруінше, шетелдік көздерден ақша және мүлік алғаны жөнінде келісім жасалғаннан кейін, 10 күн ішінде аза-

маттар мен заңды тұлғалар салық органдарына бекітілген формада хабарлама жібереді. Есептік тоқсаннан кейінгі айдың 15-іне дейін салық органына алынған ақша мен оның жұмсалғаны туралы есеп жіберіледі. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекстің (Салық кодексі) 14-інші бабында азаматтық және заңды тұлғалардың салық органдарын хабардар етуі міндетті екені анық жазылған. Мұндай міндетті орындамаған жағдайда заң шеңберінде жауапкершілік бекітілген.

Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекстің (Салық кодексі) 14-інші бабы бойынша, салық органдарын хабардар етуге міндеттілердің нақты критерийлері бекітілген. Осыны тарқатып айтсақ, біріншіден, заңдық қызмет көрсететіндер міндеттеледі. Бұл қызмет түріне азаматтар мен ұйымдарды құқықтық ақпараттандыру, өкілеттік ету және мүддесін қорғау, сондай-ақ оларға заңдық кеңес беру жатады. Екіншіден, қоғамдық пікірге зерттеу жүргізетін азаматтар мен ұйымдар есеп беруге міндеттеледі. Социологиялық зерттеу (коммерциялық мақсаттағы қоғамдық пікірді зерттеу мен социологиялық сауалнама жүргізуді қоспағанда) жүргізіп, оның қорытындыларын халыққа таратушылар, сонымен қатар, ақпаратты жинақтап, талдап және тарататындар (аталған қызмет коммерциялық мақсатпен жүзеге асырылатын жағдайды қоспағанда) да осыған жатады.

**Ұлытау ауданы бойынша
мемлекеттік Кірістер
басқармасы.**

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Қарағанды облысының Азаматтық альянсы» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп «Азаматтық бақылау» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Қоғамдық қабылдау» жобасын жүзеге асырады.

Қоғамдық қабылдаулар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, сондай-ақ мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалардың, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің бұзушылықтарын болдырмауда азаматтық бастамалардың орталығы болуға құрылған.

Қоғамдық қабылдаулар:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалар талаптарының сақталуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметін атқарады; 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті іске асырады; 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қорытындылары бойынша мемлекеттік органдар үшін жылдық және тоқсандық ұсынымдарды қалыптастырады; 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық және ұйымдастырушылық қызметті іске асырады.

Қоғамдық қабылдау қызметі 2016 жылдың 15 тамызынан бастап сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін күнделікті негізде (сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа) Қарағанды қ., Кеншілер д., 64 құр., 1 қабат, сол қанат мекенжайы бойынша іске асырылатын болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области совместно с общественным объединением «Гражданский Альянс Карагандинской области» в рамках государственного социального заказа «Гражданский контроль» реализует проект «Общественная приемная».

Общественные приемные призваны стать центром гражданской инициативы в вопросах профилактики коррупции, в том числе формирования антикоррупционной культуры, недопущения нарушений законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции, а также в сферах государственной службы, государственных услуг и Этического кодекса государственных служащих.

Общественные приемные:

1) оказывают консультативную помощь по вопросам соблюдения требований законодательства Республики Казахстан в сферах государственной службы, государственных услуг, противодействия коррупции и Этического кодекса; 2) осуществляют антикоррупционный мониторинг; 3) формируют годовые и ежеквартальные рекомендации для государственных органов по итогам антикоррупционного мониторинга; 4) осуществляют информационную и организационную деятельность, направленную на формирование антикоррупционной культуры.

Деятельность Общественной приемной будет осуществляться на ежедневной основе (кроме субботы, воскресенья и праздничных дней) с 15 августа 2016 года с 10.00 до 18.00 час. по адресу г. Караганда, пр. Шахтеров стр. 64 1 этаж, левое крыло.

МӘҢГІЛІК ЕЛ — БОЛАШАҒЫ БІРТҰТАС ЕЛ

Қазақстандықтардың болашағы біртұтас ұлт қолында. Барлық азаматтар құқықтың бір көлемін пайдалануы, жауапкершіліктің бір жүгін арқалауы және тең мүмкіндікке қолжетімділікті иеленуі керек. Біз өзіміздің тұрақтылық және келісім моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға жеткенін атап көрсеткен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев, қоғам мен мемлекет алдына нақты жауапкершілік жүктегені барлық қазақстандықтарға белгілі.

Болашағы біртұтас елді қалыптастыруға бет алған ел көші тоқтаусыз ілгері жылжуы үшін бағыт-бағдар, мақсат айқын болуы керек. Өйткені, алдымызда тағы бір тағдырлы, тарихи белес тұрғаны баршамызға аян.

Ұсынылып отырған бес институттық реформа билік пен халықтың мықты ерік-жігерімен қамтамасыз етіліп, баршамызды ерен істерге жетелейтін мерейлі міндет болып табылады. Олар — заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат қалыптастыру; заң үстемдігін қамтамасыз ету; индустрияландыру және әртарап-тандыруды негіз еткен экономикалық өсім; біртұтас болашақтың ұлты; сондай-ақ транспарентті және есеп беретін мемлекет.

«Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудың жолы болып табылатын бес институционалдық реформаның әрқайсысы зор міндет және ел үшін орасан жұмыс санатында.

Билік пен халықтың табанды ерік-жігері арқылы қамтамасыз етілетін ұсынылып отырған шаралар қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертетіні сөзсіз. Әрбір қадам — Мемлекет басшысының нақты тәжірибелік тапсырмасы. Біріншіден, талапты қатайту және сонымен қатар мемлекеттік қызмет жүйесінде кәсіби мемлекет қалыптастыру жолындағы ахуалды жақсарту, кәсіби мемлекеттік аппараттың жаңа сапасын қалыптастыруға бағытталған.

Екіншіден, заң үстемдігін қамтамасыз ету жөніндегі жаңа көзқарастар сот жүйесі мен құқық қорғау органдарының тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз етеді. Сот төрелігі институтына қоғамдық сенім арта түседі. Еліміздің инвестициялық тартымдылығы бірнеше есе көбейеді.

Үшіншіден, ұлттық экономиканы терең реформалау стратегиялық инвесторларды дәл тарту мен ғылым жұмсалатын өндірісті көтеру арқылы жоғары технологиялы өңдеуші секторды басым дамытуды көздейді. Төртіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясы мен баршаға ортақ еңбек қоғамы идеяларын одан әрі ілгерілету азаматтық біртектілікті күшейтеді және Болашағы Біртұтас Ұлттың бойындағы жасампаздық әлеуетті түбегейлі ашуға мүмкіндік береді. «Мәңгілік Ел»- қоғамдағы бірлік пен келісімнің атымен өзгеше моделі, ол жаһандық ауқымда танылған табысты қазақстандық тәжірибенің мәртебесіне ие. Бесіншіден, мемлекеттің ашықтығы мен есеп берушілігін кезең-кезеңімен дамыту, қоғамдық бақылаудың рөлін күшейту, азаматтық қатысуды кеңейту, мониторинг пен бағалау тетіктерін жетілдіру, тұтастай алғанда мемлекет басқарудың тиімділігін арттырады. Ең бастысы, барлық бес реформа қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға, Қазақстанның экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымына мүше елдерде қол жеткізілген жоғары әлеуметтік стандарттарға ұмтылуға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысының 2015 жылғы 30 қазандағы №10 өкімімен «Болашағы Біртұтас Ел» жалпыұлттық ақпараттық науқанының іс-шаралар жоспары бекітілді.

«Болашағы Біртұтас Ел» жалпыұлттық ақпараттық науқанының мақсаты — азаматтық пен «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясына негізделген қазақстандық бірегейлік пен бірлікті ілгерілету мен танымал етуге бағытталған. Осы тұрғыда, патриотизм мен ынтымақ, Отан тағдырына жауапкершілік — бұл Қазақстанның қарқынды дамуының стратегиялық ресурстары, біздің күш-жігеріміздің және ертеңгі күнге деген сеніміміздің қайнар бұлағы. Мәңгілік Елдің нұрлы болашағы Біртұтас ұлт қолында мәңгі жасай бермек, жасай береді!

Қ.ӘБДІКӨРОВА,
Ұлытау ауданы
Әділет басқармасының
іс жүргізушісі.

ДАЛА ӨРТТЕРІ ЖИІЛЕНІП КЕТТІ

Ұлытау ауданы бойынша, осы күнге дейін 21 дала өрт тіркеліп, өрт далалық құрғақ шөптерді қамтыды. Өрт оқиғаларының туындауы, біріншіден ауа райының қолайсыз болуынан және де қарапайым адам факторларынан болады. Атап айтсақ шөп науқаны кезінде, шаруа қожалықтары, өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. Бар техникаға уақытылы қарамай салғырттық көрсетеді.

Сіздерге төмендегідей өрт қауіпсіздік ережелерін ұсынамыз: далада орналасқан өндірістік-шаруашылық кешендердің шекараларына ені 4 метрден кем болмайтындай етіп жырту керек; ақаулы ұшқын сөндіргіштері бар тракторлар мен өзге де ауыл-шаруашылық техникасын пайдалануға тыйым салынады; шөп жинайтын маялар қандайда бір құрылыс объектісінен 50 метр, арақашықтықтары 20 метр, ал жан-жағы 40 метрден жырту керек; әрбір шөп бригадасында өрт шыға қалған жағдайда оны сөндіру үшін трактор мен соқа дер кезінде дайын болу керек.

Алыс шалғайда орналасқан елді мекендерге, дала өрттерін, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелері жоқ елді мекендерде өрттерді сөндіруді тиісті аумақтағы жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Д.МҰХАНБЕТОВ,
Ұлытау ауданы ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Ұлытау селосының тұрғыны **Красноруженко Владимир Николаевичтің** (05.12.1989 жылы туған) атына ҚР Әділет Министрлігінен 28.06.2011 жылы берілген №025612779 (ЖСН: 891205351530) жеке куәлік жоғалуына байланысты **жарамсыз деп табылады.**

«ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ – і
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ДИРЕКТОРЫНЫҢ
БОС ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Ұлытау ауданының әкімдігі, Ұлытау ауданының білім бөлімі ММ-і, КММ «Жамбыл Жабаев атындағы №15 Қарсақбай жалпы орта білім беретін мектебі Тірек мектебі /ресурстық орталығы/» директоры – 1 орын.

Еңбек сіңірген жылдарына байланысты

Санаты	1 жылға дейінгі орташа айлық жалақысы 25 пайызды қоса есептегенде	20 жылдан аса
A1 - 3	103085 теңге	125685 теңге

Лауазымдық міндеті: Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензияға, ұйым жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қосымша білім беру ұйымына басшылық етеді. Қазіргі заманғы басқару әдістері негізінде жұмысты болжамдайды және жоспарлайды. Білім беру сапасына бақылауды жүзеге асырады, білім беру үрдісі кезінде ұйымдағы білім алушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулық қауіпсіздігіне қажетті жағдай жасайды. Педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық етеді.

Білім беру және тәрбие мәселелері жөніндегі өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту шараларын жүзеге асырады және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады. Басқару құрылымын айқындайды, білім беру ұйымдарының қаржылық – шаруашылық қызметіне ықпал етеді. Оқу материалдық базаның сақталуы мен толықтырылуына есеп жүргізуді, санитарлық – гигиеналық режимнің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық кадрлар мен қосымша қызметкерлерді іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай жасайды.

Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, білім алушылардың ата – аналарымен /оларды алмастыратын тұлғалармен/ жұмысты үйлестіреді. Қажетті есептілікті дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді. Барлық органдарда ұйымның мүддесін білдіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асырады.

Білуі міндетті: ҚР Конституциясын, «Білім туралы», «ҚР балалар құқығы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының даму стратегиясын - 2050», «Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын», «ҚР Білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттарын», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, Педагогика және психология негіздерін. Компьютерде жұмыс істей білуі (Word, Excel, Internet желісін пайдалану).

Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімінің болуы /педагогикалық білім немесе тиісті бейіні бойынша жоғары білімінің болуы/; білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында басқарушылық қызметте жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы; бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы; облыстық білім басқармасының кандидатура бойынша келісімінің болуы; сотталмаған болуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар: өкілетті орган белгіленген нысанда өтініш; өкілетті орган белгіленген нысанда толтырылған сауалнама, кадр есебі бойынша толтырылған іс-парағы (нақты мекен-жайы мен телефондары көрсетілуі тиіс); жеке басын куәландыратын құжаты, еңбек кітапшасы, білім туралы құжаттардың нотариалдық немесе өзге де заңдарда белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмесі; сотталмағандығы туралы анықтама; денсаулығы туралы белгіленген нысандағы анықтама 086 формасы; 3х4 үлгідегі 2 фотосурет; соңғы бір жылдық табысы жөнінде салық басқармасына тапсырылған декларацияның түпнұсқасы.

Конкурс Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидасын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы негізінде өткізіледі. Аталмыш хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 /он бес/ күнтізбелік күн ішінде құжаттар мына мекен-жай бойынша конкурс жарияланған мекемеге тапсырылуы тиіс: Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Б.Бұлқышев көшесі, 17 үй.

Сұхбаттасуға жіберілген үміткерлер: құжаттар қабылдау мерзімі аяқталған соң, 5 жұмыс күн ішінде конкурсқа қатысушылар Қарағанды облысы Білім басқармасының ұйымдастыруымен біліктілігін анықтау тестілеуінен және әңгімелесуінен өтеді. Шешуші әңгімелесу Ұлытау ауданының білім бөлімінде өткізіледі. Көрсетілген құжаттардың бірі тапсырылмаған жағдайда, оны негізге ала отырып, конкурсқа қатысушыға қалған құжаттары қайтарылып беріледі.

«ҰЛЫТАУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ – і
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ
ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Ұлытау ауданының әкімдігі, Ұлытау ауданының білім бөлімі ММ-і, КМҚК «Балалар музыкалық мектебі» директоры – 1 орын

Еңбек сіңірген жылдарына байланысты

Санаты	1 жылға дейінгі орташа айлық жалақысы 25 пайызды қоса есептегенде	25 жылдан аса
A1 - 3	103085 теңге	124885 теңге

Лауазымдық міндеті: Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілетін лицензияға, ұйым жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қосымша білім беру ұйымына басшылық етеді. Қазіргі заманғы басқару әдістері негізінде жұмысты болжамдайды және жоспарлайды. Білім беру сапасына бақылауды жүзеге асырады, білім беру үрдісі кезінде ұйымдағы білім алушылар мен қызметкерлердің өмірі мен денсаулық қауіпсіздігіне қажетті жағдай жасайды. Педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық етеді.

Білім беру және тәрбие мәселелері жөніндегі өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейту шараларын жүзеге асырады және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды белсенді пайдаланады және дамытады. Басқару құрылымын айқындайды, білім беру ұйымдарының қаржылық – шаруашылық қызметіне ықпал етеді. Оқу материалдық базаның сақталуы мен толықтырылуына есеп жүргізуді, санитарлық – гигиеналық режимнің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Педагогикалық кадрлар мен қосымша қызметкерлерді іріктеуді және орналастыруды жүзеге асырады, олардың кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай жасайды.

Жұртшылықпен байланысты жүзеге асырады, білім алушылардың ата – аналарымен /оларды алмастыратын тұлғалармен/ жұмысты үйлестіреді. Қажетті есептілікті дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді. Барлық органдарда ұйымның мүддесін білдіреді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тиым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асырады.

Білуі міндетті: ҚР Конституциясын, «Білім туралы», «ҚР балалар құқығы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Қазақстан Республикасының даму стратегиясын - 2050», «Қазақстан Республикасының білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын», «ҚР Білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттарын», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарын, Педагогика және психология негіздерін. Компьютерде жұмыс істей білуі (Word, Excel, Internet желісін пайдалану).

Біліктілікке қойылатын талаптар: Жоғары және жоғары білімнен кейінгі музыкалық білімінің болуы; білім беру ұйымдарындағы педагогикалық жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында басқарушылық қызметте жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы; бірінші немесе жоғары біліктілік санатының болуы; облыстық білім басқармасының кандидатура бойынша келісімінің болуы; сотталмаған болуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар: өкілетті орган белгіленген нысанда өтініш; өкілетті орган белгіленген нысанда толтырылған сауалнама, кадр есебі бойынша толтырылған іс-парағы (нақты мекен-жайы мен телефондары көрсетілуі тиіс); жеке басын куәландыратын құжаты, еңбек кітапшасы, білім туралы құжаттардың нотариалдық немесе өзге де заңдарда белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмесі; сотталмағандығы туралы анықтама; денсаулығы туралы белгіленген нысандағы анықтама 086 формасы; 3х4 үлгідегі 2 фотосурет; соңғы бір жылдық табысы жөнінде салық басқармасына тапсырылған декларацияның түпнұсқасы.

Конкурс Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшыларын конкурстық тағайындау қағидасын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығы негізінде өткізіледі. Аталмыш хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 /он бес/ күнтізбелік күн ішінде құжаттар мына мекен-жай бойынша конкурс жарияланған мекемеге тапсырылуы тиіс: Ұлытау ауданы, Ұлытау селосы, Б.Бұлқышев көшесі, 17 үй.

Сұхбаттасуға жіберілген үміткерлер: құжаттар қабылдау мерзімі аяқталған соң, 5 жұмыс күн ішінде конкурсқа қатысушылар Қарағанды облысы Білім басқармасының ұйымдастыруымен біліктілігін анықтау тестілеуінен және әңгімелесуінен өтеді. Шешуші әңгімелесу Ұлытау ауданының білім бөлімінде өткізіледі. Көрсетілген құжаттардың бірі тапсырылмаған жағдайда, оны негізге ала отырып, конкурсқа қатысушыға қалған құжаттары қайтарылып беріледі.



Ауыл — алтын бесік.
Ауыл мектебі – қазақтың жүрегі. Шеңбер ауылының дархан, ақкөңіл адамдары «бар жақсылық балаларға» деген даналық сөзді ешқашан естен шығарған емес. Олар үшін бауыр еті балаларына қуаныш сыйлап, шаттық толы жүздерін көруден асқан бақыт жоқ. Ол - жыл сайын тамыз-қыркүйек айларында өтіп тұратын «Мектепке жол» акциясына ауылдастарымыздың ат салысуынан анық байқалады.

ШЕҢБЕРЛІКТЕР ДЕ
ШЕТ ҚАЛМАДЫ



Ауылдың қайырымды, жаны жомарт жандары алғашқы қоңырау – Білім күніне ерекше дайындалып, салтанатты шараға балаларға деген базарлықтарымен келуі әдетке айналған. Биыл да солай болды. Ауыл мектебінде оқитын қамқорлыққа зәру, мүмкіндігі шектеулі, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балаларға шама-шарықтарынанша сый-сияпат жасады. Бірі – оқу құрал жабдықтарынан тарту етсе, екіншілері киім-кешектен көмектесті. Қорғасын орта мектебінде

өткен қайырымдылық шараға ауыл әкімшілігінің, клуб үйінің қызметкерлері, аурухана мен кітапхана (Қ.Мағзұмова) ұжымы өз үлестерін қосты. Ауыл мектебінің бес мұғалімі Б.Ысқақова, Е.Абылаев, О.Айрамбаев, М.Бекмағанбетова, Б.Дәрібаев 30000 теңге көлемінде қаражатқа тарту таралық жасады. Игілікті шара әлі де жалғасуда.

А.ЖҰМАТАЕВА,
№2 Қорғасын орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

«**БЫЛҒАРЫ ДОП - 2016»**
ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Жуырда Жезді кентінде аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай, мектеп оқушылары арасында аудандық «Былғары доп-2016» жарысының екінші кезеңі өтті. Аталған жарысқа Ұлытау, Қорғасын, Аманкелді, Қаракеңгір, Қарсақбай, Сарысу, Борсеңгір, Алғабас, Байқоңыр, Пионер және Жезді кентіндегі мектептердің командалары қатысты.

«Былғары доп-2016» жарысының ашылу салтанаты Қазақстан Республикасының Әнұраны ойналуымен басталды. Жарыс шымылдығын аудандық Білім бөлімінің басшысы Б.Өбдірайымов ашып, жарысқа қатысушы командаларға сәттілік тіледі. Командалар екі топқа бөлініп, өзара сынға түсті. Өз топтарында жеңімпаз атанған командалар ақтық сайыста бірінші орынды сарапқа салды.

Жарыс қорытындысы бойынша №1 Ұлытау мектебінің командасы жеңімпаз атанып, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды №6 Жезді мектебі иеленсе, үшінші орынды №17 Байқоңыр мектебі қанағат тұтты. Осы жарыста, «үздік» деп танылған оқушылар облыстық жарысқа қатысуға жолдама алды. Аудандық жарыстың екінші кезеңінің мақсаты облыстық жарыстарға іріктеу, мықты ойыншыларды анықтау. Жарыс барысында байқағанмыз, команда мүшелері бірыңғай үлгіде киініп келмеген, формалары әртүрлі, спорт тәртібінің ережесін сақтамаған. Осы жағынан мектеп басшылары келешекте назар аударып, ойыншылардың үстіне киген формасына мән беру керек. Алдағы уақытта осы сыннан қорытынды шығарғандары жөн. Жалпы айтқанда, жарыс өз деңгейінде өтті. Ойынға қатысқан командаларға, мектеп басшыларына алғысымыз шексіз.

И.ТОБАШЕВ,
Аудандық білім бөлімінің денешынықтыру және спорт бойынша әдіскері.



**Директор-
Бас редактор
Елтынды
ДҮЙСЕНБАЕВ**

Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі» газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ГАЗЕТТІҢ ҚҰРЫЛАТУШЫСЫ: «Ұлытау ауданының әкімдігі»

Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның көзқарасына сәйкес келе бермейді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген №2199-Г куәлігі берілген. Астана қаласы. 07.08.2001ж.

Хабарландыру мен құттықтаулардың мазмұнына редакция жауап бермейді. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты.

Газет «Ұлытау өңірі» редакциясының компьютер орталығында беттеліп, Қарағанды қаласындағы «Қарағанды Полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ермеков көшесі, 33 үй.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
инд: 101500
Қарағанды облысы,
Ұлытау ауданы,
Бұлқышев көшесі, 11-үй.
Тел: 2-13-72; 2-11-22
эл.пошта:
ulytau-oniri@mail.ru

Газет аптасына бір рет шығады, Таралымы - 1400 дана
Көлемі - 4 баспатабақ
Тапсырыс - 39